

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҚАРЫ АРНАУЛЫ
БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ
БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТИ

ҚАРАҚАЛПАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТИ

Факультет деканы:

_____ Турдыбаев Қ.

«_____» _____ 2014 ж.

5220100-филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы)
бағдарының 4-курс студенті **Шымбергенова Мәншүктің**
«Ауызекі индивидуал поэзияның формулалық негіздері»
тақырыбындағы

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Қорғауға рұқсат берілді

Кафедра меңгерушісі: Адилова Г. Ғылыми жетекші: Хамидов Х.

_____ 2014ж.

Нөкіс – 2014жыл

Жоспары:

Кіріспе

Негізгі бөлім

I бөлім. Халық ақындары поэзиясында жамиғаттық және индивидуалдықтың байланысы

а) Жамиғаттық пен индивидуалдықтың кейбір мәселелері

ә) Ауыз екі индивидуал поэзияның формулалық негіздері

II бөлім. Халық ақындары поэзиясының стилистикалық құрылысы және композициялық формулалары

а) Композициялық формулалар

Қорытынды

Кіріспе

Ауызекі әдебиеттің қоғамдық поэзиясы сыпаты мен жазба әдебиетке тән авторлық шығармашылықтың бір-біріне байланысының бірлесіп, ұштасып көрінетін жері халық ақындарының болып табылады. Сондықтан оның сырына біріншіден терең үңілу, екіншіден сол әдебиеттің өзіндік сыпатын жақсы білу керек. Себебі, халық ақындарының шығармашылығы шығарманың шығарманың шығарылуы мен атқарылуы жағынан фольклорды еске салады. Осы тұрғыдан алғанда фольклорлық дәстүрдің жеке ақындар шығармасына байланысуы мен бірігу жолдарын, яғни фольклордан жазба әдебиетке жақындасуының заңдылықтарын анықтауда халық ақындарының мұрасы бірден-бір құнды материал болып табылатындығы сөзсіз. Себебі ақындар поэзиясындағы фольклорлық пен жеке дәстүрдің бір-біріне ұласуын материалистік диалектиканың категориялары заңдағы жекелік, ерекшелік, жалпылық заңымен салыстырып қарағанымызда, жалпының өзі жалқы, тек жалқы арқылы ғана болады. Солай етіп, даралық пен жалпылықтың бір-бірімен өзара байланысы ғана көрініп қалмастан, сондай-ақ оның үнемі өзгеріс үстіндегі ерекшелігі көзге түседі. Дәстүрлердің даму дәуірлерінде олар белгілі дәрежеде бір-біріне айналып отырады. Фольклорлық дәстүр мен жеке шығармашылық дәстүр де осы тәріздес. Жалқылық, ерекшелік, жалпылық жолымен салыстырылып, кейде керісінше жалпылық айрықшалық жалқылық арқылы пікір жүргізу мақсат етілсе, сондай-ақ фольклорлық пен жеке шығармашылық дәстүр арасындағы байланыс мәселесі қарма-қарсылықтардың бірлігі мен күресі заңында заттардың бір-бір-біріне ұқсамайтын және бір-бірінсіз өмір сүрмейтін ішкі жақтары, тенденциялары, күштер көрінсе, осы тараптардың бөлуге келмейтін өзара байланысының қатынасы» талданады. Өйткені, «қарма-қарсылықты тараптар заттар мен құбылыстардың барлығында да бар. Олардың барлығы

қарама-қарсылықтардың органикалық байланысы, айыруға бомайтын бірлігі болып табылады».

Халық ақындары поэзиясындағы фольклорлық және жеке шығармашылық дәстүр бір-бірінен бөлуге болмайтын бірлікте дамиды, сондай-ақ бір-біріне ұқсамастан жеке өсіп барады. Бұл жұмыста Қарақалпақстандағы қазақ ақындарының шығармалары жекелік, айырмашылық, жалпылық және қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі заңы мен салыстырыла отырып, ақындар поэзиясына тән айрықша белгілер талданылады.

Қарақалпастан өлкесінде жасайтын қазақтардың тілін, тарихын, этнографиясын зерттеу, ауызекі әдебиеттің материалын жинау жұмысы көптеген адамдарды ұзақ уақыттан бері қызықтырып келеді. Қазақ тілінің диалектологиясы мен жергілікті ерекшеліктерін жинап зерттеуде Ә. Құрышжанов, А. Махмудов, Н. Жүнісов, Б. Бекетовтар монографиялық зерттеулері мен ғылыми мақалаларын жазды. У.Х. Шалекенов¹ Амударияның төменгі жағын мекендеген қазақтардың тарихын, этнографиясын тиянақты зерттеді.

Жергілікті қазақтардың ауыз әдебиеті материалдарын жинауда бірқанша жұмыстар амалға асырылды. 1961- 62 жылдары Қазақстан ССР Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкерлері Б. Ысқақов, Т. Қанағатов, Т. Бекхожиналар² арнаулы фольклорлық экспедициямен Қарақалпақстанға келіп, Е.Т. Аманжоловтан Тілеумағанбет ақын шығарып орындаған «Қобыланды батыр» жырының «Қобыланды» вариантын дауыс лентасына жазып алды. «Асқар батыр», «Марқабай батыр» жырын шығарған автор Т. Аманжолұлы екендігін

¹ Құрышжанов Ә. Қарақалпақстан АССР-ында тұратын қазақтар тіліндегі кейбір ерекшеліктер. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелері. 1963ж. Құрышжанов Ә., Махмудов А. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының зерттелуі. Совет Қарақалпақстаны газеті, 16-август, 1960. Н.Жүнісов Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. А. 1984, 131б. Шалекенов У. Казахи низовьев Амударьи. Ташкент 1966, 240с.

² Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. А. 1975, 219-б.

анықтады. Наурызбек Нұржанұлы Рахманқұловтан «Құлбек», Ж.Аралбаевтан «Ахметбек пен Жүсіпбек» эпостық жырын, халықтық терме, толғауларды, тұрмыс-салт жырларын, П.Ысқақовтан «Молда Бәйімнің қызбен айтысын¹» қағазға түсірді.

Р.Бердібаев, Т.Сыдықов, Б.Ысқақовтардың зерттеу мақалалары мен ғылыми еңбектерінде Қарақалпақстандық қазақ ақындары мен ақын-жыраулары туралы жылы лебіз білдірілген.

Қарақалпақ фольклоршылары Қ.Айымбетов, Қ.Мақсетов қазақ ақын-жыраулары шығармашылығына үнемі жылы пікірлерін білдірген.

Қ.Сейдаханов, Н.Төреқұлов, М.Байділдаев «Ақын-жыраулар» атты ақын-жыраулардың өмір баяндық көрсеткіш еңбегінде қарақалпақстандық Иманғалиев Қ., Қалжанов Қ., Тасқынбаев А., Аралбаев Ж., Төлепов Ж., Рахманқұлов Н., Тілеумағамбетов Е. туралы қысқаша мәліметтер береді. Иманғалиев Қ. «Мәдениет және тұрмыс» журналында көрінсе, Б.Уахатов қазақ, қарақалпақ халық жырларының туыстық типологиясын үйренді. С.Тойшыбаева қазақ-қарақалпақ әдеби байланысын бірқанша зерттеді. Соңғы жылдарда қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиетін ғылыми жүйемен зерттеп жүрген ғалым Қ.Жұмажанов.

Фольклористика ғылымы саласында жыршылық өнерін зерттеу мәселесінде көптеген атақты ғалымдар жұмыс алып барды. Эпостық өнер шығармасын атқарушы, жыршылардың шеберлігін В.М.Жирмунский, В.Н.Путилова, В.М.Гацак, В.П.Аникин. А.М. Астахова, Х.Г. Короглы, Н.Г.Черняева және т.б. теориялық көзқарастан дәлелдеді. Эпикалық дәстүрді дамытушы-бақсышылықты Х.Г.Зарипов, М.С.Сайпов, М.Муратов, Т.Мирзаев- біртұтас типологиялық аспекте² зерттеді.

Қарақалпақ жыраушылығы, бақсышылығы, қыссахандығының ұстаздық-шәкірттік байланысып бірігуін Н.Дауқараев, Қ.Айымбетов,

¹ Қазақ әдебиетінің тарихы. 1т. 2-кітап, А. 1964, 380-381бб. Айтыс 2 т. А. 1965, 636-б.

² Жирмунский В.М. Зарипов Х.Т. Узбекский народный героический эпос. М.1947, с.23-60. Мирзаев Т.Эпический репертуар народных сказителей. Т. 1979.

И.Сағитов, Қ.Мақсетовтың зерттеулері фольклористика ғылымына салмақты үлес болып қосылды¹.

Ақындардың шеберлігі, шығармашылық қызметтері М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов, Н.Смирнова, М.Ғабдуллиннің еңбектерінде жан-жақты зерттелді. Олардың шығармашылығының дамуына тақырыптық идеялық көзқарастан теориялық талдаулар жасалды².

Соңғы жылдары Т.Сыдықов халық ақындарының эпикалық дәстүрді дамыту тарапын зерттесе, одан кейінгі дәуірде халық ақындары шығармашылығының көркемдік сыпаты мәселесі де М.Дүйсенов, К.Сейдаханов, С.Негимов еңбектерінде белгілі орындарды иеледі. Ежелгі эпостарды жырлаушы, толықтырушылардың негізгі өкілдері туралы, жыршылық, ақындық генезисін талдауға Е.Тұрсынов әрекет етті³.

Р.Бердібаев ақын-жыршылардың қазақ эпостық жырлары мен термелерін толықтырып жырлаудағы шеберлігін, репертуарлық құрамалы байлығын қазақ фольклористикасында арнаулы зерттеді. Ол жариялаған «Жыршылық дәстүрі» еңбегі теориялық және практикалық жағынан өте құнды еңбек. Ол осы еңбегінде Қарақалпақстанда жасайтын қазақ ақын-жыршылары шығармашылығына терең көңіл аударған. Ол «... жыршы-жыраулық дәстүрі Қарақалпақстанда өте күшті, онда жыршылық өнері өте ардақты екені анықталды. Қазақ жыры сақталған жаңа «эпикалық аудан» Қарақалпақстан фольклоршылары үшін өте қызықты, жанды мәліметтер

¹ Дауқараев Н. Шығармаларының толықжыйнағы. Нөкис. 1977. 2-т. 93-106б. Айымбетов Қ. Халық даналығы. Н. 1968, 74-237. Сағыйтов И.Т. Қарақалпақ халқының қахарманлық эпосы. Н. 1963. 42-52бб. Мақсетов Қ. Каракалпакский эпос. К вопросу о художественных особенностях дастанов т репертуаре К.Тажимаева Т. 1976, 178-стр.

² Әуезов М. Эпосты жырлаушылар. Шығармалар. 1969, 11т. 103-118. Мұқанов С. Дара ақындар. Таңд. шығармалар. А. 1979, 15т. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. А. 1958, 23-23бб. Марғұлан Ә.Х. О насителях древней поэтической культуры казахского народа. В кн.: М.О.Ауазеову, К еге шестидесятилетию. А. 1969, с. 70-89. Ғабдуллин М. Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. А. 1972, 19-24.

³ Сыдықов Т. Ғасырлардың кәусар бұлағы. А., 1980, 213-б. Қазақ эпосын тарату мен дамытудың жыршы ақындардың ролі. Кітапта. Қазақ фольклорының типологиясы: А., 1981, 128-174бб. Дүйсенов М.Т. Сейдаханов К.Негимов С. Халық ақындарының творчествосының көркемдік сыпаты. А. 1982, 191. Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байыры өкілдері. А. 1976. 212-б.

беретін тың өріс сияқты» деп әрі қарай пікірін жалғастырып, «Қарақалпақстанда тұратын қазақ ақын-жыршылары, жыршы-жыраушылықтың эстафетасын бүгінге дейін қолдан бермей келген осы өлке атқарушыларын таныстыру сөз күдіретін, фольклорды қадірлейтіндерге ғажайып табыс болып көрінетіндігі сөзсіз» дей тұра, Бүкіл Орта Азия мен Қазақстан бойынша алғаш атап көрсетілгендей жыршылардың қазіргі бай жері Қарақалпақстан¹» деп атап көрсеткен.

Қарақалпақстандық қазақ ақындарының шығармашылығы дамуы жағынан да, сыпаты жағынан да ерекше. Осы өлкеде жасаған қазақ ақындары шығармашылығында бір жағынан-қарақалпақ ақындары мен бақсыларының өнердегі әсері сезілсе, екіншіден Сыр бойын мекендегендердің ақындық дәстүрі әсер еткендігі көрініп тұрады. Жергілікті қазақ ақындары шығармашылығы өсуіне поэзияда қанат қомдауына, ақындық жырды шабыттана шығаруында домбыраның қос шегіндей лапыз Бен хауазын қосқандығы даусыз. Жергілікті қазақ ақындарының эпикалық шығармасы мен терме-толғауларынан, лирикалық және әуенді жырларынан және де поэтикалық көркемдеу құралдарын шебер қолдануынан оның айқын дәлелін көреміз.

Қарақалпақстандағы қазақ ақындары шығармашылығында ақындық дәстүр мен фольклорлық дәстүр синкриттік жағдайда кездеседі. Әсіресе бұл С.Жұмабекұлы, Т.Аманжолұлы, Т.Көлбаев, Т.Байжанов, Ж.Базарбаев және т.б. шығармасында мол ұшырасып, олардың шығармаларында айқын сезіледі.

Қарақалпақстандық қазақ ақындарының шығармалары жанры жағынан әр түрлі. Батырлық жырлары, лироэпикалық шығармалар, романтикалық қыссалық шығармалары, айтыстар, жұмбақтар, терме-толғаулар, арнау жырлар, сатиралар, хат жырлары, әуенді жырлары. Ақындардың атымен сақталған шығармаларын қарақалпақ ақындарының

¹ Р.Бердібаев Жыршылық дәстүр. А. 1980, 31-326б.

шығармалары мен қазақ поэзиясының тарландарының шығармаларымен салыстыра отырып, фольклорлық және жеке шығармашылық дәстүрдің қазақ поэзиясында дамуын, өсуін қазақ фольклористика ғылымына қазіргі күнде жаңадан басталып жатырған формулалық стилистика мен композиция дәрежесінде біртұтас талдау әдісімен зерттеу жұмысы жүргізілген болатын.

Қарақалпақстанда жасайтын қазақ ақындары шығармашылығының шығармашылық дамуы ерте дәуірден бастап қазіргі күнге дейін өмір сүруін тоқтатқан жоқ. Халық арасындағы той-тамаша, қуанышты күндер және белгілі мерекелер халық ақындарының қатысуынсыз өткерілмейді. Ал шақырылған өнер иесі той қатысушыларына терме-толғау, ән-жырларын айтып, көпшілікті зауыққа бөлейді. Бұрынғы және кейінгі буын ақындары шығарған шығармаларды халыққа таныстырып, айтып, жариялап отырады. Өнер иелерімен айтысқа түсіп, өнер жолын дамытады. Эпостық жырларды жырлау арқылы тыңдаушыларды халық мұрасымен таныстырып халықты батырлыққа рухтандырады. Көптің көңілінде жүрген арман-тілектері және қуанышты көңіл тербеністерін білдіретін түрлі тақырыптарға арнап шығарылған өз шығармаларын жалпы жұртқа мәлімдеп, әуенімен атқарып, өзінің шығармашылығымен көпшілікті таныстырады. Демек, көпшілік жиналған мерекелер мен отырыстар ақындардың өсер ұясы қанатын қатайтып, шыңға бастайтын негізгі тұғыры, қасиетті алтын орны. Сонымен ақындық өнерінің дамуы мен қалыптасу жолын ашып беру, ақындардың суырып салма төкпелік жолында сөз тапқыштығының сырын, ән-жырды бірден құрап кете беру жолын анықтау өте қызық мәселе. Әрине, ақынның ақындық сапарындағы импровизаторлық шеберлігінің барлық сырларын майдалап талдап, бәрін қамтып қалдырмай айту, зерттеу әрине, маңызды міндеттерден есептеледі.

I бөлім. Халық ақындары поэзиясында жамиғаттық және индивидуалдықтың байланысы

а) Жамиғаттық пен индивидуалдықтың кейбір мәселелері

Ақындар шығармашылығын жан-жақты зерттегенімізде қоғамдық және жеке поэзияның қарым-қатынасы, байланысы мәселесі халық ақындары шығармаларынан айқын көзге түседі. Жамиғаттық және жеке шығармашылықтың ақындар шығармашылығындағы көрінісін, жасалу жолдарын белгілеудің өзі арнаулы зерттеуге жүк болатындығы анық. Әсіресе, жамиғаттық пен жеке шығармашылық өнерінің бірінен екіншісінің ажыралып тұратынын, бірін-бірі байытып бару әдістерін көріп шығу фольклористика ғылымының әлі де зерттелетін басты тақырыптарының бірі.

Фольклор- халықтық шығарма. Халық шығармаларында жамиғаттық ауызша шығарылатын халықтың көркем ойы мен санасы сәулеленеді. Ой мен сана көркем образ арқылы жасалады, көркем образ арқылы халыққа жеткеріледі.

Көпшілікке белгілі пікірге сүйенетін болсақ, жамиғаттық образ жасау фольклордың өзіндік белгілерінің бірі болады. М.Ғабдуллин бұл туралы былай дейді: «Жазу, сызу өнері болмаған ежелгі уақытта-ақ, қазақ халқы өзінің тұрмысы, қоғамдық өмірі, жұмысы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші, дүниетанымындағы көзқарасы және т.б. туралы көптеген ән-жыр, ертегі, аңыз, мақал-мәтелдер, аңыздар ойлап шығарған және оларды ауызша айтып шығарған. Сондықтан бұларды халықтың ауызша шығарған көркем шығармасы, даналық сөзі, яғни ауыз әдебиеті деп атаймыз. Әрине, бұдан ауыз әдебиеті көп Адам бірігіп отырып шығарған деген түсінік келіп шықпайды. Ауыз әдебиетінің қандай үлгілерін болса да алғашқыда жеке Адам шығарған. Бірақ ерте уақытта жазу өнері болмағандықтан ауыз әдебиетін тудырушылардың аттары хатқа түспеген, сақталмаған. Халық

олардың шығармаларын ғана есте сақтап, ауызша айтып және ұрпақтан-ұрпаққа жеткерген. Сөйтіп, жеке авторлар шығарған әдеби туынды кейін жетілістіріліп, оған қоғам болып шығармашылық өзгерітер енгізіп отырған. Кейін бұндай шығармалар көпшіліктің еңбегіне, яғни халықтың ауыз әдебиетіне айналып кеткен¹.

Дәл осындай пікірді қарақалпақ фольклортанушысы Қ.Айымбетов те айтқан. «Ауыз әдебиеті нұсқаларын халық шығарады, ол бір сөз шебері тарапынан шығарылады, авторсыз фольклор шығарылмайды, ал бірақ заманнан-заманға өтіп түрлі сөз шеберлері арқылы бұрынғы пайда болған фольклорға қосымшалар қосып, ең алғашқы шығарған автордың аты ұмытылып, жалпы халық мүлкіне айналып кетеді².

Жамиғаттық және жекеліктің ауызша поэтикадағы өзара қатысы, байланысы туралы ұнамды пікірлер мен бағалы есімдер М.Горькийдің «Жеке адамның бөлшектелуі³» деген еңбегінде анық дәлелденген. Бұндай анық пікірдің айтылуы фольклористика ғылымының дамуы мен зерттелуіне әсерін тигізді, фольклористика ғылымында елеулі орынды иелейді.

Қоғам мен даралық арасындағы өзара қатынасты диалектикалық даму көзқарасынан түсіндірген академик А.Веселовский еңбегінің көзқарасының әсері фольклористика ғылымында ерекше болды. Ежелгі қауымдық уақытта-ақ халық поэзиясында жеке таланттың ұнамды әсерлері болды. Ол қоғамдық шығармашылыққа сіңіп кетіп жатырғанын дәлелдейді.

А.Веселовскийдің пікірінше, қоғамдық шығармашылық тек қоғамдың шығармашылығы мен жеке ақындардың шығармашылығы болып қалмастан- бұл шығармашылық жалпы көпшіліктің те, жеке өнер адамының да бүкіл халықтың бірге шығарған мүлкі болып қалады.

¹ Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. А. 1974, 3-б.

² Айымбетов Қ. Қарақалпақ фольклоры. Нөкіс. 1977, 4-б.

³ Горький М. О литературе. 1961. с20.

Өйткені жеке ақынның туындыларының ұнағандарын екінші атқарушы жыршы не жырау өзінің репертуарына енгізіп алып, сол өзіне ұнаған өнер туындысын жетілістіріп қосып қайта жырлаған. Бірақ бұл жерде сонны еске сақтау керек, қоғамдық шығармашылық түп-тамырынан жоғалмайды, керісінше қоғамдық шығармашылықты жан-жақты жетілістіріп жырлаушылар мен атқарушылар байытады. Тіпті, жеке авторлардың шығарғандары қоғамдық шығарма репертуарына кірмей қалғанымен жеке авторы бар туындыларда қоғамның арманы, тілегі дүниеге көзқарасы белгілі бір қауымның, рулық тайпаның мүшелері ойлаған, алдына мақсат етіп қойған өмір тілегімен толық бірігеді. Әрбір жеке автор бірге жасап жатырған қауым, тайпа мүшелерінің атынан ойланады, сол тайпа мен қауым адамдарының сезімдерін, өмір тілектерін беру арқылы қоғамдық шығармашылық өмірге келген және алға қарай дамыған. Жамиғаттық ру, тайпалардың айтпақ ойын жырлаған. А.Веселовский жамиғаттық шығармашылыққа осы бағдардан қарап осылай түсініп, солай дәлелдеген¹.

Қоғамның шығармашылықты насихаттаушылар болған халық жыраулары ауызша халық поэзиясының традицияларын шебер меңгеріп, оның баюына және жақсаруына үлкен әсерін тигізеді. Жырдың көркемдік ерекшелігі, идеялық мазмұны көп жағдайда жыраудың жеке ерекшелігіне байланысып келеді»² дейді Қ.Мақсетов.

Ал белгілі фольклорист В.И.Чичеров: «Импровизация халықтың поэтикалық шығармашылығының тұрақты дәстүрлеріне негізделеді, халық поэзиясына енген образдарды, суреттерді, әдістерді пайдаланады. Ол қоғамдық өнерінің шығармаларын жаңа дәрежеге көтереді, бірақ сол қоғамдық творчествоның шеңберінде қалып қояды. Импровизация

¹ Веселовский А. Собр. Соч. М. 1913. Т. 1. стр. 322

² Мақсетов Қ. Қарақалпақ қахарманлық дәстанларының поэтикасы. Ташкент, 1965, 67-б.

қоғамдық халық поэзиясының таланты, индивидуалдық көрінісі¹» деп жазды.

М.Әуезов «Қазақ халқының ақындық қабілет таланты өмірде ақынның ерекше типін келтіріп шығарды. Бұл біздің заманымызға дейін жеткен бұрынғы ақындық қазыналарды сақтап келген әрі жыршы, әрі төкпе ақын. Халық поэзиясы таңдамалы үлгілерінің пайда болып, тарқалып және бүгінгі күнге дейін сақталып жеткені үшін біз осы ақындарға қарыздармыз. Ақын өзінің жанынан ғана жыр шығарып қоймаған. Ол қыз бен жігіттің, кәрі-жастың ойын тойда, қоштасқанда, қаза үстінде айтатын ән-жырлардың бәріне құлақ түріп отырған. Сөйтіп, басқа мұраларды да зейінді жинайтын ақындар өз жырларымен бірге халық арасынан есіткен жырларды да қосып айтқан. Кім шығарғаны белгісіз ән-жырлар кең даланың бір түкпірінен екінші түкпіріне ғасырдан-ғасырға осылай тарап отырған²-деген еді.

Стереотиптіктен ақындық өнеріне дейін ұласып жеткен ақындар жамиғаттық шығармаларды байытумен бірге, қоғамның дамуымен бірге өзінің атын сақтаған, сол ақындардың шығармалары, авторлығын өзгертпеген өнер туындылары авторлық поэзияның қалыптасуына негіз жасады. Мысалы, Асан қайғы, Қазтуған (XVI ғасыр), Доспамбет, Шалкиіз (XVI ғасыр) Жиёмбет жырау, Марғасқа жырау, Ақтамберді жырау (XVII ғасыр), Тәтіқара жырау, Үмбетәлі жырау (XVIII ғасыр) және т.б. ақын-жыраулардың аттары өзгермей, халқымыздың бай мұраларын байытып келіп әдеби тарихымыздың төрінен белгілі орындарын алды. Атақты сөз шеберлерінің аттарын, олар шығарған шығармаларды халқы күні бүгінге дейін сақтап келген. Демек, өткен дәуірдің өзінде де, халық, ел-жұрт оларды ақын, жыршы ретінде мойындап, өз халқының ақыны, жыршысы, сөз зергері деп білген. Олардың сөз мәрмарынан сом алтындай құйған.

¹ Чичеров В.И. Литература и устное поэтическое творчество. 1953. стр.73.

² Әуезов М.О. Шығармалар 12томдық. А. 1969 2том. 206-б.

Болаттай бекем халықтық бағытта соғылған халық мұрасын «жамияттық» деп аталатын, көп болып пайда етілген мұраға қоспай халық дара сақтаған, көпшілік мұраға сіңіріп жібермей өзінің бұрынғы күйін жоғалтпай болашақ ұрпаққа жеткерген.

Орта ғасырлық дәуірден аты танылған авторлардың шығармалары фольклорлық шығармалардан іргесін бөліп алып көз ұшына кеткен жоқ еді. Себебі халық ақындары шығарған туындыларында, бұрыннан қалыптасқан халық жырларының кейбір қатарлары, сөз орамындағы сөз саптаулары жарасықты ізбе-ізділік тауып, бұрынғы, кейінгі, кейде күні бүгінгі ақын-жыршылар шығармашылығында пайдаланылып келеді. Осы шығармашылықпен пайдалану нәтижесінде кейбір қатарлар ақындар поэзиясында, сол автордың атымен қабыл етіліп кеткендері де бар.

Мұрадан, халықтық өнерден қанағаттану, йошлы жыр қатарларын меңгеріп пайдалану халық ақындары шығармашылығында ұшырасып қалмастан, бұрынғы өткен ұлы ақындардың шығармаларында да таяр қатарларды қолдана берушілік ұшырасады. Мысалы, Шалкиіз ақынның замандастары да солай еткен. Қазір жырау сөзінің символы болған Бұқар, Шалкиіз тудырған мақал, афоризмдердің талайын пайдаланған¹. XIX ғасырда өмір сүрген Махамбет Өтемісұлы да Шалкиіздің шығармаларынан шебер пайдаланған. Мысалы Шалкиізде:

Атаның ұлы ерлерге,
Малыңды бер де басың қос
Басыңды қос та жақсы сыйлас,
Күндердің күні болғанда,
Басың жауда қалар ма-делінсе,
Махамбет Өтемісұлында:
Ата ұлының баласы,
Асыл ерге малың бер.

¹ Мағауаин М. Қобыз сарыны. А. 1968ж., 53-б.

Малың бер де басың қос

Басыңа тарлық түскенде,

Ардақтаған әділ жан аяр ма,- деп жырлаған қатарлар бар.

Бұдан біз ақын-жыраулардың өздерінен бұрын өткен ақын-жырау шығармаларынан афоризмге айналып мақал-мәтел болып кеткендерін әрі пайдаланып, әрі жетілдіріп жырлап өзінің даралығын айқын көрсетуге күш салғанын көреміз. Мысалы: Шалкиіз мен Махамбеттің өлеңдерін салыстырып көрейік.

Шалкиіз жыраудың:

Қоғалы көлдер, тынық сулар,

Кімдерге шәрбат болмаған.

Саздауда өскен қара ағаш,

Кімдерге сая болмаған

Асыл жібектен киінген

Арулар кімнен қалмаған.

Жағы түкті жылқы хайуан

Иесін қайда жауға салмаған

Жалп-жалп еткен жапалақ

Жазда кімге жолдас болмаған

Сары шымшықтай шырлатып,

Өзірейіл кімдерге құрық салмаған¹... деген термесін Махамбет

«Жалғаншы дүние»сінде

Қоғалы көлдер, тынық су,

Кімдерге қоныс болмаған

Саз жерге өскен қара тал,

Кімдерге сая болмаған

Асыл жібектен киінген

Арулар кімнен қалмаған.

¹ Бес ғасыр жырлайды.А. 1984 1т. 47-48бб.

Таңдап мінген тұлпарлар
Иесін қайда жаяу қалдырмаған
Құландар ішпес бұршақ қақ
Кімдерге шәрбат болмаған¹...деп жырлаған.

Сырт қарағанда екі туынды да бір-біріне ұқсас айырмашылығы жоқ сияқты. Шындығында екі шығарма бір-біріне сәйкес келмейтін бөлек-бөлек туындылар. Ақындардың ой шеңбері, дүниетанымы, даралығымен көрініп тұр. Сонда кейінгі ақындар алдыңғы ақындардың сөздерін, кейбір өлең қатарларын неге қайталаған, соңғы ақын алдыңғысының қолданған қатарын қайталамай, басқа өлең қатарын шығаруға шамасы жетпеген бе деген сұрақты зерттеуімізге негіз етіп қоюға болады.

Біріншіден, екі ақын да тәуелсіздікті қалайды. Біріншісі туған елін сыртқы жаулардан қорғау ел бірлігін сақтау үшін күш-қуатын, талантын жұмсаса, екіншісі жер-суынан құтты мекенінен хан қысымымен айрылған шаруалардың ар-намысы мен кегін қорғаушы ақын. Екі ақынның да тәуелсіздік идеясы қайсы шығармасын оқысаңыз да оларды бірлестіріп отырады. Сондықтан алдыңғы ақын қатарларындағы ұнамды таяр қатарларды жатсынбай қабылдап өзінікіндей шығармасына енгізіп айтпақ ойын жеке жеткере білген. Екіншіден, барлық жеке өнер Адамы халық өнеріне қайрылмай кете алмаған. Жоғарыда келтірілген қатарлар халық термесі мен эпостық жырларда көп ұшырасады. Олай болса екі ақындағы ортақ қатарлар бұрыннан қалыптасқан. Демек екі азаттық жыршысына да ортақ болып шығады.

Халықтық өнерді иелеген ақындар поэзиясында қалыптасқан дәстүрлерді пайдаланып, ақындық дәстүрді жетілдіріп жырлап өзінің дауысымен дәуір рухын білдірген ақындық дәстүрді жалғастырған деген шешімге келеміз. Солай етіп, шайырлар поэзиясындағы жеке дәстүр біріншіден фольклорлық дәстүрден, екіншіден ақындық дәстүри

¹ Махамбет А. 1962, 22-б.

жырлардан нәр алып, ақындар поэзиясындағы дәстүрді алға ілгерілеткен. Ақындар өзінің талантын өлең жырларымен сездірсе, сол шығарылған жырлар өзінің жеке мүлкі екенін білдіру мақсатында, шығармаларыдың ішінде аттарын келтіріп өнер туындысын жырлаған. Бұл жағдай ақындар поэзиясында дәстүрге айналған. Содай-ақ шығарма бірінші жақтан баяндалып, жеке адамның өмірі шығармасында көрініп, кейде ақынның өмірі шығармасымен қарысып, ажырамас түрге енген. Бұл ақындар поэзиясында тұрақты сақталған.

ә) Ауыз екі индивидуал поэзияның формулалық негіздері

Ауызекі поэзия жазба әдебиеттен өзіне тән ерекшеліктерімен ажыралып тұрады. Жазба әдебиетте автор жазғандарын бірнеше рет қайта өңдеп, жазып, шығармашылық ой елегінен өткеріп, өнер туындысын олқылығы жоқ деген ойға анық сенгенде баспасөз бетінде жариялайды. Әрине, туындылары баспасөз бетінде жарияланғаннан кейін де оқушылары мен сыншы қаламгерлері ескертулерін есепке алып бұрынғы жазғандарын шығармашылығы толыққаннан кейін қайтадан жазуы мүмкін. Шындығында, қайтадан жазылып, қайта өңделіп жүрген шығармалар дүние жүзі, туыс халықтар мен қазақ әдебиетінде бар екендігін қазіргі сауатты заманымыздың оқушыларының хабары бар. Бұрынғы «Жұмбақ жалаудың» қайтадан жазылып «Ботакөз», «Менің мектептерім», «Өмір мектебі», «Адасқандар» романы «Мөлдір махаббат» болып С.Мұқанов шығармашылығында қайта жазылса, ал Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ батыры», «Қазақ солдаты», Ә. Нұрпейісовтің «Курландиясы» «Күткен күн» болып, шығарманың аты да, көркемдігі де мазмұны да жан-жақты толығып, жақсарып шықты. Бұндай мысалды молынан келтіруге болады.

Ал импровизацияда бұндай еркіндік жоқ. «Қынаптан қылыш суырғандай» қас пен көздің арасында жиналған топтың алдында батырлардың қанды шайқаста қасқайып тұрып қарсылас батырымен

жекпе-жек күш сынасқандай, аламанның алдында суырып салма шешендігімен шыңнан төменге құйылған тау бұлағының ағысындай тасқын жырымен танылады. Суырып салма ақынның «жаны» сыншыл аламанда, өнерін қамшылайтын «бұрқыратып ескен» дауылдай жыры белгілі ортада қанат байлап туатынын, шабытпен шығарылатынын сезу осы сәттен толық көрінеді. Әрине, бұл жерде соны ұмытпауымыз керек импровизаторлықта ән-жырды халық алдында келсін-келмесін айта бермейді. Өйткенде импровизаторлықтың құны түсіп, абыройы қалмайды. Импровизатор ән-жырды шығарғанда қоршаған ортаның ой-пікірімен есептесе отырып, жиылған топтың көңіл хошын ескеріп, көптің көңілінде, тіл ұшында оралып, бірақ шебер тілмен жеткере алмай жүргендерін тауып айтуы тиіс. Халықтық ой-пікірді жырлайды. Суырып салма ақындар әр түрлі тақырыпқа және жанрда жырды боратады. Айтылғанда жыр тиегі шашырап кетпестен біртұтас туынды болып шығады.

Импровизаторлық өнері өмірден алған білімі, тәжірибесі, поэзиялық білім шеңберіне тікелей байланысты болып, төкпелікпен айтылған жыр қатарларында ақынның таланты анық көрініп тұрады. Ақындардың индивидуалдығы стилистикалық және сюжеттік-композициялық ерекшелігімен дараланып тұрады. Ақындар ақындығын дамыту үстінде ақындық өнерінің, төкпеліктің даму заңдылықтарын иелейді, ақындық өнерінде бұрыннан қалыптасқан формулалардан, формулалық сөздерден, формулалық өлең қатарларынан керегінде пайдаланып, дара шығармасында ішіне сіңіріп, ақындық шеберлікпен қарыстырып жібереді.

Ауыз әдебиетінің формулалық мәселесі кеше-бүгін ғана сөз болып, жеке шығармашылықта қолданылып отырған нәрсе емес. Ол бұрыннан бар. Ауыз әдебиетінде В.М.Жирмунский, Х.Т. Зариповтың «Өзбек халқының қахармандық эпосы¹» еңбегінде халық жыршыларының эпостық шығармаларында, бұрынғы жырау-жыршылар қалыптастырған,

¹ Жирмунский В.М. Зарифов Х.Т. Узбекский народный героический эпос. М. 1947, с. 431-434.

халық өнерінде қалыптасқан формулалық сөздер мен қатарлардан пайдаланатыны келтірілген. Бұрын қалыптасқан сөздер мен қатарларды қалаған импровизатордың қолдануы қате емес екендігі сөз болған. Сонда да, төкпе ақын-жыраулардың жекелігі танылуында формулалық заңдылығын теориялық көзқарастан дара алып, жеке қараған ғалымдар М.Парри мен А.Лорд болды. «Ауызекі шығармалар неге бір-бірін қайталайды» деген сұраққа Пари-Лорд заңы «формулалы болғандықтан» деп жауап береді.

Түркі-монғол ауызекі әдебиетінде осы мәселеде Қ.Мақсетов, В.М.Жирмунский, Х.Т.Зарипов еңбектерін үйреніп, «көркем қайталаулар» деген атауды қолданды. Ол қарақалпақ халық дастандарының поэтикасын зерттеп, «Жыр өлеңіндегі қайталаулар бір қатардан, ал көпшілік жағдайларда бір-бірімен тығыз байланысқан екі қатардан құралады. Кейде жырларда тікелей жыраулардың өздері шығарған, әлі ысылмаған, бізге онша белгілі емес көркем қайталауларда ұшырасып отырады¹» –деді.

Р.Бердібаев «Қазақ эпосы²» монографиясында эпосты жырлау мезетінде қазақ ақын-жыршыларының эпостық жырларда бұрыннан қалыптасқан формулалық сөздер мен жыр қатарларынан қалай пайдаланғанын, бір қатар формулалық сөздерден мысал келтіреді. Б.Уахатов «Қазақ тұрмыс-салт жырларының типологиясы» кітабының «Тұрмыс-салт жырларының поэтикасы³» бөлімінде халық өлеңдеріндегі фразеологиялық формулалық өлең қатарларын көріп шығады. Ш.Ибраев «Китабы дедим коркут»тағы көркем-суреттеу құралдары (түркі тілдес халықтардың эпосымен салыстырмалы үйреніп) кандидаттық диссертациясында, баспасөз бетінде жариялаған мақалаларында орта ғасыр оғыздарының қахармандық эпосы «Китабы дедим коркут» шығармасында ауызша стильдік, техникалық тіркестері мен формулалық

¹ Мақсетов Қ. Қарақалпақ қахарманлық дәстанларының поэтикасы. Т. 1965, 190-б.

² Бердібаев Р. Қазақ эпосы. А. 1982. 124-128бб.

³ Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. А. 1983. 128-136-бб.

ерекшеліктері, қахармандық жырындағы теңеулерді қолдануының даму заңдылықтарын көріп шығады¹.

Жоғарыда аты аталған ғалымдар еңбегінде, формуланың тарихи тамыры ақын-жыршыдан эпосты жырлау шағында жаңа сөздерді (жыршы-ақынның өзі жасап атырған дәуіріндегі халық ұғымына сіңіп кеткен сөздерді халық жырында қолдана білуі) таңдай отырып, жырдың ырғақтық, синтаксистік құрылысын бұзбай жырлауды талап ететінінен деп біледі, ежелден қалыптасқан қанатты сөздер мен жыр қахарманына қолданылатын суреттер мен тұрақты формулаларды сақтап, шығармашылықпен иелеу жолдарын теориялық жақтан едәуір ашқандығын көреміз.

Ауызша шығарылған фольклорлық шығармада тексттің іштей түрленуін, іштей өзгерісін көріп шыққан Н.Г.Черняеваның еңбегі де маңызды. Н.Г.Черняева ескі эпостық жырлардың құрылысын жырлану жолын екі бөлімге бөіп тексерген. Біріншісін, кіші кезең немесе төмен дәрежелі деп алып, олар қатар, шумақ екіншісін жоғарғы кезең немесе жоғары түзілісін сюжет пен композиция деп бөлген: Екі кезеңнің де ауызша поэзияда өзгертін ерекшелік бірліктері бар. Тармақтар-лексикалық сөздерден, шумақтар-қатарлардан, тирада- куплеттерден, сюжет пен композиция –мотивтерден тұратындығы тексерілген.

Бірінші кезең- қатар, шумақ, тирада эпостық жырлардың жырлану үстінде көріп шығылған болса, ал ақындардың ақындық поэзиясын шығару және даму үстіндегі шеберлігін ашуда ақындар поэзиясындағы дәстүрді иелеу мәселесін қарап шығуда, ақындар поэзиясының өміршендігін белгілеуде ең қажетті ақындар поэзиясының стилситкиалық құрамын белгілеудің басты жолы болады. Ал екінші кезең-сюжеттік композицияның мәселесі ақындардың эпикалық шығармаларды тудыру кезінде жекелігі зерттелуінің аздығынан дерек береді. Себебі эпостық

¹ Ибраев Ш. Художественно-изобразительные средства «Китаби дедем Коркут». 1980.

жырлардағы сюжеттік композициялық түзілістер неше ғасырлық эпостық жырдың сюжеттік, композициялық, структуралық саясында толық қалып қоймай, өткен фольклорлық дәстүрді мңгере отырып эпикалық шығармаларды жаңашылдығымен дамытып шығарды. Шығарған туындыларында дәуір дауысын, дәуір адамы келбетін жасады.

Біздің сөз етіп отырған мәселемізге жақын жұмыстың бірі Б.Әбілқасымовтың «Қазақ ауызекі поэзиясында толғау жанры¹» еңбегі. Автор аталған еңбегінде индивидуалдық ауызша поэзиядағы толғау жанрының авторлық поэзияда қалыптасуын, авторлық толғаулардың фольклор мен әдебиет арасында ізбе-із дамитындығын зерттейді. Индивидуалдық ауызекі поэзияда ақындардың толғаулары шығару шағында, дара ақындар шығармашылығында бұрыннан тұрақталып қалыптасқан жыр сөздерін, ән-жыр қатарларын кейінгі ақындардың қалай пайдаланғандарын, ақындардың толғау жанрын жетілістіруінде ақындардың қызметін зерттейді. Біздің тұрмысымызда жоғарыда атап көрсеткеніміздей ақындар поэзиясында фольклорлық және авторлық дәстүр мәселесі стилистикалық, сюжеттік, композициялық структурасын формулалық теориясы негізінде зерттеу қазақ фольклористикасы ғылымында алғашқы зерттеу жұмыстарының бірі болады.

Импровизаторлық халық ақындары шығармашылығы өнерінің даму заңдылығын зерттеп көргенімізде, ақындар шығармаларының нұсқасы әр түрлі, бірдей еместігін есте сақтауымыз керек. Ақындардың поэтикалық шығармалары екі дәрежеде қарағанымызда-стилистикалық , сюжеттік композициялық құрылысы бұрынғы дәуірден қалыптасқан ізбе-ізділік көз қарастан көрінуі тиіс. Себебі халық ақындары поэзиясының дәстүрлілігі мен индивидуалдық дәстүрін дұрыс анықтауға мүмкіншілік беріп ауызекі индивидуалдық поэзия стилінің сыпатын формулалық заңымен талдау керек.

¹ Абылқасымов Б.Ш. Жанр толғау в казахской устной поэзии. А. 1984.120стр.

Осы мәселені талдау алдында ең алдымен ақындар шығармашылығының жанрлы белгілерін анықтап жанрлы құрамын дәлелдеп алу керек. Себебі ақындардың жырлап шығаратын жыр нұсқаларының стильдік негізі мен сюжеттік-композициялық түзілісі ақын шығармасының жанрымен, идеялық мазмұнымен толық байланысты.

Әр ақынның өзіне тән шығармашылық өсуі, ақындық күшіне сай репертуары бар. Ол репертуарлары әр түрлі болады. Кейбір ақындар шығармашылығында дәстүрлі фольклор жанрын (тұрмыс-салт, эпикалық, тарихи, ән-жырларын және т.б. халық шығармашылығын) дамытса, екіншілері индивидуалдық авторлық ауызекі жанрын дамытады. Сондай-ақ ақындар шығармашылығында жазба әдебиетке тән болған лирикалық өлеңдер де ұшырасады.

«Ақындық дәстүрді сақтау дегеніміз бұрынғы ақынның шығармашылық үлгісін сол күйінде қайталау деген сөз емес, жақсы дәстүрді өзіне тән ақындық үлгі өнерімен дамыту деген сөз»-дейді Е.Исмайылов. Демек ғылыми әдебиетте ақындардың дәстүрі туралы пікір бар деген сөз. Ал ақындардың шығармасындағы жанрлар, дара ақындар шығармашылығы жанрлық құрамы бүгінге дейін дәл анықталған емес. Дегенмен ақын-жыршылардың индивидуалдық ауызекі поэзиясының жанрлық құрамын анықтау бойынша едәуір ізденудің бар екендігі белгілі. Мысалы, М.Дүйсеновтің айтуында кеңес дәуіріндегі ақындар поэзиясының жанрлық ерекшелігін үшке бөліп қараған. Ол «біріншіден өлең, тақпақ, терме, толғаулар сияқты поэзияның белгілі-жанрлары, екіншісі-авторлық, эпикалық бағдардағы дастан, поэма, үшінші-айтыс¹». Бұл үш жанрлық тарау бір-бірімен тығыз байланысты дамиды, алдағы уақыттары да дами беретіні мәлім.

¹ Дүйсенов М. Сейдаханов Қ. Негимов С. Халық ақындары творчествосының көркемдік сыпаты. А. 1982, 47-б.

Бұндай жанрлық тарау ақындар поэзиясының тек өзіне тән белгілерді құрайды. Осы белгілер ақындық шеберліктің жоғары дәрежесіне көтерілген Ж.Жабаев, К.Әзірбаев, Н.Байғанин, И.Байзақов шығармашылығына тән белгілер болса, сол ақындардың жеткіншектерінің шығармашылығында импровизаторлық өнерінде жарасымды жалғасып келеді. Соны да айту керек, өлең, тақпақ жанрлары тек ауызекі индивидуалдық авторлық поэзияда ұшырасып қалмастан, бұлар жалпы фольклорлық және жазба шығармаларға да тән екендігі сезіледі. Ал толғау, терме, айтыс қазіргі кездегі ақындар шығармашылығына, ақындық поэзиясына характерлі болып қоймай, бұрынғы ақындарға да тиісті¹.

Қазақ халық өлеңдері, оның жанрлық түрлері Б.Уахатовтың монографиялық ғылыми зерттеуінде арнаулы зерттелген². Қазақ халық өлеңдерінің дәстүрлі жанрлық дамуын мұқият зерттеп, ол үлкен екі топқа бөледі. Бірінші топ тұрмыс-салт жырлары, екінші топ- лирикалық өлеңдер. «Қазақ халық өлеңдері» еңбегі, халық жырларының фольклорлық дәстүрлі спецификасын индивидуалдық ауызекі поэзиясының авторлары фольклорлық өлең жанрын шығармашылығында пайдалану мен дамуын ашуға үлкен жәрдемін тигізеді. Ақындар поэзиясындағы арнау, тақпақ, терме, толғаулардың өзіне тән ерекшеліктерін белгілеуге және халық поэзиясындағы жаңа түр- хат өлеңінің 1941-1945 жылдардағы Отан соғысы жылдарында дамуы К.Сейдеханов еңбегінде талданған³.

Қазіргі уақыттағы қазақ фольклорының жанрлық ерекшеліктерін зерттеуде Н.Төрәқұловтың арнаулы еңбегі бар⁴. Шындығында ғалым жұмысында дәстүрлі фольклорлық және ақындар поэзиясының шекаралық арасы жеке талданбайды. Бірақ кітаптағы зерттелген

¹ Исмайылов Е. Ақындар А. 1956, 315-б.

² Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. А. 1974, 75-б.

³ Сейдеханов Қазақтың Ұлы Отан соғысы кезіндегі поэзиясы. А. 1974ж., 239-248бб.

⁴ Төрәқұлов Н. Қазақ совет поэзиясының жанрлық ерекшеліктері. А. 1979. 166-б.

материалдардан көпшілік орында, поэтикалық шығармалар болған толғау, терме, тақпақ айтыс, дастандар мен поэмалар авторларына ие екендігін көрсек, сондай-ақ индивидуалдық ауызекі поэзиясының жанрлық құрамы да айқындалады.

Индивидуалдық ауызша поэзияда толғау жанрының поэтикасы Б.Ш.Әбілқасымовтың жұмысында жаңаша зерттеледі. Ол жүргізілген жұмыста толғау жанры екі түрге бөлініп, біріншісі- өсиет, ақыл-кеңес, үгіт-насихат, екіншісі- батырлық, патриоттық болып, осы толғау түрлері индивидуалдық ауызша поэзияға тән екендігі дәлелденген¹.

Бұрын және қазіргі уақытта өмір мен өнерге келген халық поэзиясын, өнер туындыларын, шығармаларын зерттеуге арналған еңбектерге сүйенгенде, ең негізін алғанда, ауызша индивидуалдық поэзия толғау, терме, тақпақ, айтыс эпикалық поэмалар жанрларынан тұрады. Мысалы, эпикалық жанрға Д.Бабатайұлының «Еспембет», Ж.Жабаевтың «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр», Н.Байғаниннің «Наркыз» жырлары кіреді. Дегенмен аты аталған жанрлар дара ерекшеленіп қалмастан фольклормен, әдебиетпен байланысып тұрады. Фольклорлық және жазба әдебиетке тән дәстүрлілік көрінісін табады. Демек халық ақындары фольклор мен әдебиетке де тән жанр түрлерінен толық пайдаланатынын ақындардың индивидуалдық шығармашылығынан сезу қиын емес.

Қарақалпақстандағы қазақ ақындары шығармашылығында жоқарыда аталған, келтірілген фольклорлық, әдебиет жанрлары түрлері-толығымен дерлік жеке ақындар шығармаларында ұшырасады. Сонда да жергілікті ақындар туындысында репертуарлық құрамында біркелкі емес, әр түрлі. Олар қолданған, тудырған шығармалар қоғамын, дәуір талабына сай, өмір шындығы суреттері ерекшелігімен ажыралып, автор шеберлігі туындылары арқылы көрініп тұрады. Даралық ерекшелігі шығармаларынан айрықша сезіледі. С.Жұмабек ұлы туындыларында

¹ Абылқасымов Б. Жанр толғау в казахской устной поэзии. А. 1984, 120стр.

толғау, терме, лирикалық арнау, лирикалық өлеңдер; Т.Байжановтың жұмбақ өлеңдер, лирикалық өлеңдер, хат өлеңдер және Шығыс әдебиеті сюжеті негізіндегі поэмалар; Ж.Базарбаевта терме, арнау, лирикалық өлең-жырлар ұшырасса, ірі тұлғаға бұлардай көтерілмеген. Қарақалпақстан өлкесіндегі өзге ақын-жыршылардың термелері, толғаулары, өлең, арнаулары өздерінің шығарған авторларының атымен халық арасында таралып, оларды жас атқарушылар айтып жүр. С.Жұмабекұлы, Т.Аманжолұлы, Ж.Мамытұлы, Т.Көлбаев, Ж.Базарбаев туындысында сөз жарысы- ақындық айтыстары бар.

Халық ақындары шығармаларындағы фольклорлық және авторлық дәстүр мәселесін үйренгенімізде ауызекі жеке поэзияға формулалық әдісте талдау жасағанымызда жеке жыршының шығармасы ерекшелігі көзқарасынан қаралады. Поэзиялық шығармадағы төменгі кезең қатар, шумақ, түйдек (тирада) поэзиялық шығарманың барлық жанрында болады. Сюжетті-композициялық жоғарғы дәрежесі дастандар мен поэмалардың ерекшелік сыпатын белгілеп береді.

II бөлім. Халық ақындары поэзиясының стилистикалық құрылысы және композициялық формулалары

Төкпе ақындар өнерінің ерекшелігін көрсететін белгілердің бірі өлең нұсқасындағы ең кіші бірлік лексикалық сөздік сапасынан ажыралады: өйткені ақынның қолданылуынан формулалық стилі танылады, сондықтан ақындардың лексикалық сөз қолданылуындағы ерекшелігін анықтау арқылы төкпе ақын-жыршылар поэзиясындағы формулалық сөз қолданылу ерекшелігі еркін көзге түседі, ақынның сөз саптау таңбасы анықталады.

Ақындар поэзиясында сөз қолданылуы мен сөз құрылысын бақылап қарағанымызда, төкпе ақындардың сөздерді қолдану арқылы өлең нұсқасының ішкі даму заңдылығы ашылатынын көреміз. Сондықтан М.Парри мен А.Лорд теориясына сүйене отырып және мақұлдап «шоғырылған сөздердің топтарын ақындар шығармасынан тапқанымызда, сол формулалық сөздер өлеңнің метрикалық ерекшелігімен көрінеді. Әрбір өлең тексті, кей қатар, кей сөздер тұрақты орынға ие болып, өзгеріссіз орында келіп, сөздік орында жоғалтпай келуі формулалықтың белгісі.

Қазақ ауызекі поэтикалық туындысында кейбір сөздердің тұрақты орындарда қайталануы, қолданылуы халық поэзиясының ырғақтық түзілісіне тікелей байланысты. Бұндай құбылысты ауызекі поэзияда жеті, сегіз буынды өлең, жырлардан, өлең қатарларынан көреміз. Мысалы, сегіз буын мен шығарылған өлең қатарларына қарап көрейік.

-Азамат// сені// сақтадым (Махамбет)

-Азамат// басы // құралса (Махамбет)

-Азамат// ердің// баласы (Қазтуған, А.Керейұлы).

-Азамат// ердің// жүдеуі (Д.Қожбанұлы).

-Азамат// ердің// басына (Қ.Қуанышқали ұлы).

-Азамат// ерден// торықпа (А.Оңғарбекұлы)

-Азамат// асыл// кез келген (Ө.Көшкінбайұлы)

-Азамат// асыл// туғаннан (Ө.Көшкінбайұлы).

«Қатардың өзіне тән ырғағын анықтайтын тек ондағы буындардың жалпы саны ғана емес. Буындар белгілі ретпен, белгілі мөлшерде топталып, әр қатардың бірнеше қысқа бөлшектерге бөлінуіне мүмкіншілік береді. Қатардың осындай ырғақтық құрылысы жағынан жекеленген бір бөлшегін құрайтын буындар тобын ырғақ дейміз¹»—дейді академик З.Ахметов. Үш бөлектен құралған жоғарыдағы сегіз буынды өлең түзілісі: 3 буын-2 буын- 3 буын.

Келтірілген мысалдағы «азамат» сөзі сегіз буынды өлең қатарының алғашқы бөлімінде үш буыннан құралып тұрақты, өзгеріссіз қолданылған. «Азамат» сөзіне жалғау жалғанса жеті буынды өлеңге өтеді де екі бөлімді жеті буынды өлең қатарларын жасайды. Себебі «жеті буынды» тармақты төрт буынды ырғақ бұрын келіп үш буынды ырғақ соңынан келетінін атап өту керек. Бұл керісінше болуы мүмкін емес». Ол 4 буын- 3буын болып біркелкі поэзияда көрініс табады².

-Азаматта// сын болмас (А.Өтамбетұлы)

-Азаматын// сайласын (Айман-Шолпан). Қазақ өлеңінде әдетте жеті буынды қатар мен сегіз буынды қатар араласып ауысып келе береді. Жеті буынды қатар 4 буын- 3 буын болып құралса, онымен ауысып оытратын 8 буынды қатар 3 буын- 2 буын- 3 буын болып келуі мүмкін. Қатарлары осылай құрылатын жеті, сегіз буынды өлшем- қазақ поэзиясында кең канат жайған, ең өнімді өлең түрі. Түйдектеліп келетін жырдың өлшемі де осы. Бұл өлшеммен туатын өлеңдер де, шумақта (әсіресе төрт қатарлы) өте көп қолданылады. Осы екі түрлі, жеті және сегіз буынды қатарлар жыр түйдегінде де шумақта да еркін, түрліше ауысып келе береді.

¹ Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. А. 1973. 134-б.

² Сонда, 133-б.

Демек, қазақтың жеті және сегіз буынды өлең-жырларындағы буын, бөлек сандары да белгілі бір заңдылыққа негізделіп формулалық құраса, ал сол қатарларда қолданылатын лексикалық сөздер де поэтикалық творчество да біргелікті, бір жөн метрикалық позицияда жайласатынын айтуға болады, сондай-ақ кейде өлең қатарларындағы сөздердің шектеліп, шекараланып тұратынын жасыруға болмайды. Б.Әбілқасымовтың зерттеу еңбектеріндегі анықтауына қарағанда ауызекі индивидуалдық поэзияда дәстүрлі формулалық сөздер өлең ырғағына байланысты¹. Олар ырғақтық тұрақты сөздер: «арғымақ», «ақ иық», «ақ сұңқар», «ата». Осы сөздер «азамат» сөзі сияқты поэтикалық шығармаларда поэзиялық қатардың алғашқы буынында келеді және үш буынды, төрт буынды ырғақты бөлшек түзеді. Осындай жағдай ақындар мен жыраулар поэзиясында кең қолданылады. Өйткені әрбір жырау, ақын халық түсінігіне сіңген белгілі сапаға ие болған сөздерді кең қолдануға ұмтылады. Бұрыннан қалыптасқан дәстүрлік сөздерді творчестволық поэзиясына енгізіп, шығармасының келбетін көркейтуге тырысады. Осындай дәстүрлілік сөздерді қолдану С.Жұмабекұлы шығармасында жалт етіп көрінеді, ақын өлең-жырларында ол сақталған.

-Және де сөз айтайын,
Азаматтар тыңдасаң..
Азамат атың жоғалар,
Уәделі сөзде тұрмасаң.

Бұнда бұдан алдында келтірілген мысалдар текстес формулалықтың жасалуы ырғақтан өзгелігімен көрінген «азамат» сөзі С.Жұмабекұлының поэтикалық шығармашылығында дәстүрлілік формулалық характер «ата» сөзінен көрініп, оған жалғау жалғанып, немесе дара «ата», «ана» түрінде

¹ Абылқасымов Б. Ш. Формульный характер стилия в жанре толгау. –Изв. АН КазССР.Серия филологическая, 1980, №1, стр. 57.

өлең қатарының алғашқы бөлегінде тұрып, үш немесе төрт буыннан жасалады.

-Ата мекен жерлерім...

-Ата-бабаң қозғарға,

Халқыңнан қорғап отырмын..

-Ата менен ананың..

-Атаны қозғап сөйлеме..

-Ата-анамның қамы үшін..

-Ата-анасын сыйламай

Ауызекі индивидуалдық дәстүрлік поэзияда осы сөздер дара ақындар шығармашылығында қолданыла береді. Мысалы, Атадан жалғыз тудым деп; Атаның ұлы ерлерге; Атаның ұлы ер жігіт; Атадан алтау тудым деп (Шалкиіз Алдаспан, 98-бет). Атадан жалғыз мен емес (Жиёмбет Алдаспан, 98-бет) Атадан алтау туғанның; Атадан жалғыз туғанның; Атадан тудым жалқы боп (Ақтамберді Алдаспан, 105-106); Ата-ананың қадірін (Шал 222-б.) Атадан қалған ақ сауыт (Абыл-Ақ, 33-бет) Атасы мен анасын Ата-анасы қайғы етер (Д.Қожбанұлы Ақб. 51-б.) Атасы өлсе жігіттің; Ата көрген ұлдардан; Ата білмес ұл болар; Атасы болса бегенді; Ата мекен жұртынан (А.Оңғарбайұлы-Ақб. 183-196, 194, 197-беттер) Атаның атын аздырма (О.Қалмамбетұлы-Ақб. 213-бет). Атаның айтқан сөздерін; Ата көрген оқ жонар (О.Көшкінбайұлы-Ақ. 216-бет). Атадан мұра ақылың (Шал У.Ғ. 87-97-б.) Атадан алтау тусаң да; Атасы арзан қара сөз (М.Мөңке ұлы У.Ғ. Ж. 273-бет және тағы басқа мысалдарды келтіруге болады.

Сейдәлі Жұмабекұлы шығармасында «азамат», «ата», «апа» сөздерінің өлең қатарларының басында тұрақты, орнықты келіп тұруы, өзінен бұрынғы индивидуалдық дәстүрдің ең жақсы үлгілерін үйренгенін және жеке поэзиясында шығармашылықпен түпкілікті иелеп, ақындық өнеріне сіңргенін көреміз.

Индивидуалдық ауызекі поэзиядан қалыптасқан тұрақты сөздерді төкпе ақындар қолданылумен бірге бұрынғы дәстүрлілік шеңберінен шығып, төкпе ақындар өзінің шеберлік ерекшелігін де көрсетеді. Оның мысалын Д.Бабатайұлы туындысынан- онда формулалық сөз ғазғын» атауында келтірілген. Ақын сөзді таңдағанында немесе қолданылғанында бір ұғымды білдіретін бір сөзге қосып, жалғап немесе екі сөзден бір ұғым беретін жаңа сөз жасап барып қолданылады. «Азғын» сөзі де осы тәріздес.

-Азғын тартып шүйіліп...

Азғын елдің бектері..

-Азғын сені көргенде..

-Азғындаған шығына..

-Азғын елдің адамы.. (XVIII-XIX ғасыр қазақ ақындарының шығармалары, 90, 91, 92, 93, 94).

Әр қатар сайын қайталанып қолданылған «азғын» сөзі ақын ойының айқындаушысы. Өйткені ақын жасаған орталығына сәйкес ақын өмір сүрген дәуірінің келбеті бар. Ақын түсінігінде рулықтың ыдырап, ағайын-туысқандар арасының алауыз болуы, ел билеушілерінің қара басының қамы үшін бұзықтыққа бет бұруы, сұрқиялықты жолдас етуі, бұқараны зарлатып, елді тоздырып бүлдіруі, адам басының «азғындығы», Адам санасының «азғындығы» деген ұғымынан қолданылған сөз. Қалай дегенмен де рухани тұрғыдан азғындаған адамға Д.Бабатайұлы қолданған «азғын» формулалық сөзі де өткір және дәл келеді.

Бұндай ақындық дәстүрде ақынның даралығын білдіретін сөз Сейдәлі Жұмабекұлының «Туған жерге туынды тік» өлең термесінен де көрінеді. Ол «ел» деп туып-өскен жерін нұсқайды. Бабалар өмір кешкен жерді көрсетеді. Ақын осы сөздерге үлкен мағына жүктей отырып, туған ел мен жерді ардақтап батырлыққа тәрбиелейді. Туған елге, жерге деген махаббаты күн сәулесіндей нұр шашып тұр. Ақынның қуатты өлең

қатарлары елінді, жерінді ардақтауға шақырады. Жалынды сөз формулалық күйінде қатар басында келеді.

Мысал келтірейік:

-Өз елінде кем болсаң..

Ағайын сөлер сөзіңді...

-Өз елінде құл болсаң..

Жөндерсің бір күн жөніңді..

-Өз елім өлең төсегім.

Сілкінсем жерім қозғалмас..

Өз еліне симаған...

Жат елге қалай жағынар-

Өз елінен безгенге, Өзгелер қалай бағынар.

Өз елінде еңбнк ет.

Іздесең бақыт табылар.

Сейдәлінің «Досыңа айтсаң ақылды», «Қарақалпақ ағам баласы», «Белгісі» толғау термелерінде қолданған «дос» сөзінде көріп шығуға болады. Ақын дос сөзін қолдана отырып, әр түрлі адамдық қасиетті, қасиетсіздікті сөз етеді. Халықтың халықтық табиғатын ашады. Ақындық жүрегі, достық жүрегі болып соғады. Достықты ардақтауға арудай ғашық болады.

-Досыңа айтсаң ақылды,

Досың дұшпан көреді...

-Біздің қазақ баласы

Досыңа берік жан еді...

-Досыңа қастық ойлаған

Ішіне сұмдық жинаған.

-Досыңа айла істесең

Бола ма мақұл осының..

-Дос тұтынып адамды..

«Өз елі» және «дос» сөздері С.Жұмабекұлы шығарған терме мен толғауына тән белгінің бірі. Поэтикалық қатар барысында қолданылып, бөлек алынып, поэзиядағы дәстүрлілігімен танылса да, индивидуалдық автор даралығына- Сейдәліге тән ырғақты белгісі анықталып тұр.

Ал Аманжолұлының, Т.Көлбаевтың, Т.Байжановтың, Ж.Базарбаевтың поэтикалық туындыларында, өлең өлшемдеріндегі позиция, формулалық байланыс ұшыраспайды деуге болатын сияқты. Біріншіден, бұл ежелден қалыптасқан дәстүрден кері шегіну болса, екіншіден қазақ ауызекі халық поэзиясының тарихында бұрыннан бар екендігіне қарамастан, соңғы уақыттары халық ақындары туындысында аз қолданылғанынан дерек береді.

Қазақ ауызекі поэтикалық туындысында формуланың ұйқас пен байланысы қатаң сақталады. Осы сөздердің қайталанып қолданылуы немесе шоғырланған сөздер соңында тиянақты келуі ғылыми әдебиетте редиф деп аталады. Редиф жазба әдебиетте ұшырасады.

Ауызекі жеке поэзиясының жазба әдебиеттен айырмасы сонда, редиф поэзиялық қатарлардың, шумақтардың соңында немесе басында қайталанып тұрмастан біркелкі ұйқас шумақтарды құрап, импровизатордың төкпелікпен тыңнан текст шығарып кете беруіне мүмкіншілік беріп, сондай-ақ өлең-жыр нұсқасының кілттік құдыретін қолына ұстап, шығарылған жырдың негізгі тақырыбын белгілейді, айтылмақ ойға қорытынды қызметін атқарады.

Пікірімізге мысал ретінде С.Жұмабекұлының «Белгісі» термесін алып көрейік:

Әділдік пен ар-ұят,
Адамдықтың белгісі
Дөрекі мінез тағы жат
Надандықтың белгісі.
Нәпсіні құртпай тыймаған

Арамдықтың белгісі
Өз басын жөндеп көрмеген,
Басшылыққа ермеген
Ақыл айтсаң сенбеген
Жамандықтың белгісі.
Дүние жинау сергіздан
Біреуге бір зат бермеген
Бергенді жақсы көрмеген
Кесіп алса қан тамбас
Сықмарлықтың белгісі

Одан әрі жақсы әйел мен тәрбиесіз әйел белгілері, сыпаттамалары жасалады. Мысалы, «Жақсы әйелдің белгісі», «Ғәріп әйелдің белгісі», «Көк әйелдің белгісі», «Тек әйелдің белгісі», «Сақ әйелдің белгісі» және т.б.

Бұл поэтикалық шығарма үлгілі тәрбиелік дидактика негізінде жазылып, синонимдік түрлендіруі тұтасымен арналып, адам сипатының жағымды, жағымсыз жақтарын көрсетіп береді. Адамдағы қандай қасиеттердің артықшылығы және қандай мінездің кемістігі көрсетіліп, үлгі аларлық, кейде бастартарлық жақтары сөз болады. В.М.Жирмунскийдің мазмұнды қайталаулар, синонимдік түрлендірулер жетілістіріліп, алғашқы негізінен айнытпай айту ауызекі поэзия стилінің ең басты формулалығы екендігі анықтаған теориясымен толық келісуге болады.

Осы шығармадағы формулалық сыпат «белгісі» сөзінің ерекшелігімен байланысты. Біріншіден, әрбір синонимдік варианты тиянақты қорытындылайды. Адам мінезінің белгісіне сыпаттамалық суреттеме жасайды. Екіншіден, редиф ұйқас үшін қолданылады. Редифтік ұйқас алдындағы ұқастарға бәнт басады. Мәселен, «Сықмарлықтың // белгісі», «Ақ әйелдің// белгісі. Жеті буынды ырғақтың түзілісі 4 буын

буын-3 буын болып келеді. Демек, «редиф» дегеніміз ұйқастан кейін бір немесе бірнеше сөздің тұрақты қайталануы». Ақындық өнердің жоғарылығын көрсететін- редифтер».

«Белгісі» сөзінен формулалық ерекшелігі дәстүрлігінде оның тұрақты, өзгермейтін орны ырғақтық ұйқастық өлеңнің ерекшелігіне байланысты. Редифтік ұйқастағы сөздер төкпе ақын өнерінің тыңдаушыға нені жеткізбекші болса, сол ойлы сөздер бір неше сөздің тұрақты қайталануы». Ақындық өнердің жоғарылығын көрсететін- редифтер».

«Белгісі» сөзінен формулалық айрықшалығы дәстүрлігінде оның тұрақты, өзгермейтін орны ырғақтық- ұйқастық өлеңнің ерекшелігіне байланысты. Релифтік ұйқастағы сөздер төкпе ақын өнерінің тыңдаушыға нені жеткізбекші болса, сол ойлы сөздер бір неше рет қайталанады. Дәстүрлі индивидуалдық поэзиядан мысалдар алып көрейік:

Әділдіктің белгісі,

Расын айтып мардиған.

Ішкірне көңіл белгісі

Құпия сөйлеп ыржиған

(К.Күржіманұлы, 119-б).

Жамандықтың белгісі,

Сары ала қаздай саңғиды

Паналаған қоғаны

Есерліктің белгісі-

Өтірік, өсек, ялғанды

Іркілместен соғады

(Майлықожа 202-б).

Кәріліктің белгісі

Көңілдің хошы келмеген

Жарлылықтың белгісі

Жанып қинап өлмеген

Жалғыздықтың белгісі

Өз-өзіне сенбеген

Балуандықтың белгісі

Өнер мен өрге өрлеген (А.Керейұлы 161-б).

Өлеңнің, қатардың, шумақтың соңында немесе басында қолданылған «белгісі» сөз іргелес, ыңғайлас келген компоненттік сөздерге тиісті болып, ойды қорытындылап, ұйқасты аяқтап, шумақты жауып немесе бастап отырады (аб,аб, аб яки баа, ба және т.б.). Ал қалған нұсқалардың құрылыс негізгі «белгісі» сөзінің жәрдемімен жалпы мағынада өлеңнің түрлену мүмкіндігі көптігі жағдайында қалады. Оны жеке буынды қатарлардан көреміз. «Батырлықтың белгісі, шешендіктің белгісі, жүйріктіктің белгісі, әкімдіктің, қаттылықтың белгісі (А.Керейұлы, Ақберген 161-162бб); «Ақымақтың белгісі», «Нағыз асылдың белгісі», «Білімділік белгісі», Күн өлгеннің белгісі, су өлгеннің белгісі, су өлгеннің белгісі, қыз өлгеннің белгісі, қу өлгеннің белгісі, хан өлгеннің белгісі» (Қартбай жырау «Ақымақтың белгісі» термесінен); Жақсылардың белгісі, жаман адамның белгісі, жалқаулықтың белгісі, ынжық адамның белгісі, кесірліктің белгісі, надандықтың белгісі, ақындықтың белгісі, әділдіктің белгісі» (Ж.Төлепов «Жақсылықтың белгісі» термесінен).

«Белгісі» сөзі дәстүрлік шеңберінде түрленіп, сипаттаушылық қасиет алады. Синонимдік түрленуінде, құбылуда бір тектес көрініті көз алдына келтіреді.Мысалы:

Көршіге достық ойлаған,

Жасы үлкен көрсе сыйлаған

Дос тұтынып адамды,

Жамандықтан қорғаған.

Ақылы дана данышпан

Зор кісінің белгісі (Сейдәлі «Белгісі» термесінен)

Жамандықтың белгісі

Қауымға басы кірмеген

(А.Керей ұлы 162-б.).

Ақындықтың белгісі

Жыр жолдарын арнайды

(Ж.Төлепов «Жақсылықтың белгісі» термесінен).

Ақымақтың белгісі

Оқы десе қас көрген

(Қартбай жырау «Ақымақтың белгісі»).

Дара ақындар шығармасында қолданылған «белгісі» сөзінің формулалық күйде келе беруі ырғаққа да, ұйқасқа да байланысты. Сондай-ақ поэзиялық шығармаларда өлеңнің стилистикалық құрылысына да байланысты болып, өнер шығармасында маңызды орын иелейді. Әрине поэтикалық өлең шумақтарының соңында көркем қайталаулар арқылы ауызекі жеке төкпе ақындық орнында білдіріледі. Көзқарасын білдіреді. Айтпақшы ойын айқындайды Сондықтан жеке ақындар редифтерді көп қолданады. Жеке шығарманы мұқияттап зерттеген сайын төкпе ақындардың бұндай редифтерді мол қолданғанын көреміз. Қазақтың суырып салма ақындары редиф көбінесе өлең соңында, шумақтың соңында көп қолданғанын көреміз. Шығыс поэзиясында ғазал түрінде жазылған шығармалар сияқты шумақ басында қолданылу біздің материалымызда ұшыраспады. Төкпе ақындардың жыр ағымында жырды түйдектеп шығарғанда редифті шумақтың соңында қолдану олар үшін ыңғайлы болса керек.

Мысалы, «Болмас», Қартбай жыраудың «Насихат» термесінде «Ағайынның жаманы, Алдына еріп бас болмас, Соңында саған дос болмас, Қараңғы болса көңілі, Көңілің оған хош болмас, Қарыз тағам ас болмас, Болмас бала құрысын, Болатын бала жас болмас, Егер бітсе көп

ілім, Еңбек етсең кеш болмас». Осы іспеттес «Болмас» сөзін қарап көрейік. Бұқар Қ.А.Ш. 36б. А.Өтәмбет ұлы Ақб. Ж.Базарбаевтың «Сәні болмас» өлеңін, П. «Ойласаң жастық өмір баста тұрмас» және т.б.

«Болар», «Кімнен қауіп ойласаң, Қауіпті дұшпан сол болар, Кімге сырды көп айтсаң, Аяғыңа тор болар. Досыңа қатты сөйлеме, Жүрегіне кір болар». Осыған үндес «болар» сөзі Ө.Сәрсенбаевтың «Жақсы бір Адам қартайса», Қ.Бекешовтің «Байтақ алаш адасса», Ж.Базарбаевтың «Насихат терме», Ж.Төлеповтің «Ақ орданың жарығы», П.Мұсақұловтың «Ханнан бақыт тайғанда», Қартбай жырауда «Жаманға егер ығбал келсе», Н.Рахманқұловтың «Сөйлесем сыр қалталар шешілуіш еді» өлең-термелерінде ұйқас үшін пайдаланылған.

«Не жетім» Басынан блік кеткен соң, бақыт тайған би жетім», кемпір менен шал жетім, қатынсыз қалған үй жетім, Сатып алған құл жетім (Күржіманұлы. Ақ.. 119-б.).Осы сөзді Ө.Сәрсенбаев «Бұл дүниеде не жетім»де қолданған.

«Артық». Асқар таудай нарыңнан, машинаның күші артық, биопа өткен өмірден, ұйқыда көрген түс артық.Тағы да қарайық: Біржан ҚАШ 199б. Ізтілеуов Назым А. 1972. 58-б. Е.Құлымбетұлы «Ерлерден ердің ісі артық», Қ.Қылышұлы Сыпаты бірдей адамнан ілімді болса ісі артық» термесінде берілген.

«Тең». Жаман туысқан бір масыл, Арқалаған құммен тең, оған қылған қайырың,Елекке құйған сумен тең (Ақтамберді жырау Алд. 117-б.Шалкиіз жырау. Алд. 189-б. 222-224бб. Дулат ҚАШ, 55-58. Әсет ҚАШ, 346-б.).

«Бар» «Көшпелі дәулет кімде бар, бірде жоқ, бірде бар, оқысаңыз балалар, өнерлі қызыл тілде бар» Қартбай жырау Қылыш ұлының «Жақсыдан алған нұсқам бар» термесінен (Шалкиіз жырау Алд. 93-бет. МАхамбет ҚАШ, 105-б.).Сондай-ақ Сейдәлі ақынның «Небір жақсы сөзім бар», Т.Аманжолұлының «Әмудария бойында», Ж.Мамытұлының

«Хорезмнің ойында», Қ. Иманғалиевтің «Қайрулла жырау атандым», П.Мұсақұловтың «Қадірін бұл жастықтың білгендер бар» және т.б.

Осы тәріздес өлең нұсқаларына тірек болған сөздер: «Күн», «Не пайда», «Не керек», «Жоқ», «алмас», «жау», «мақтанса», «ортақ, «кімдер», «жарасар» және т.б. қолданылып, жыр-терме, толғауларды төкпелікпен ақындар шығарады. Өлеңдерін синонимдік бағдарда түрлендіреді. Әсіресе, үгіт-насихат, дидактикалық терме, толғау, тақпақ, арнау да қолданылады, аталған сөздер терме, толғау, тақпақ, арнау характерін белгілейді.

Осындай дәстүрді жалғастыру, шығармасына ерекше пайдалану, зерттеу С.Жұмабекұлы шығармаларында басымырақ. Ақын дәстүрлі қалыптасқан формулалық сөздерді шығарған туындыларында бірнеше рет пайдаланады. Оның жоғарыда талданған «Белгісі» термесінен өзге шығармаларында да дәстүрлілік ісін суытпаған. Басқа шығармаларынан мсыал алайық, ол Сейдәлінің бұрынғы дәстүр шеңберінде өлең-жырларын дамытқанын көрсетеді.

...Қарындастан не пайда,
Жаңылыста көрмесе.
Туысқаннан не пайда,
Жығылсаң қолын бермесе.
(Қара аттың жыры» эпикалық шығармасынан).
Қысқарып күндер түн болды,
Қара кедей бааласы
Осы күнде құл болды.
Атқа мінген азамат,
(«Қысқарып күндер түн болды» термесінен).
Бұл заманда байлар бар
Қайырсыз қолы байланған
Мал жинаған билер бар
Дүниеге сайланған

(Бұл заманда байлар бар өлеңінен)

«Не пайда», «болды», «бар» формулалы сөздер ырғақ пен ұйқасты келтіріп шығарып тұр. Ақын пікірінің керегіне жараған. Ақынның көзқарасын білдірген. Өлең шумақтарында тұрақты сақталған. Шығарманы суырып салма ақындар тудыру үстінде автордың индивидуалдығын айқындаған. Бұндай рамкалық дәстүрде ән-жырларын тудыру қазақтың басқа ақындарында индивидуалдық дәстүрінде көрінеді. Мысалы, Формасы келмес күмістен, сұлулап соққан мыс артық, Тұғыры құтсыз сұңқардан, Тұрымтай атты құс артық (Т.Ізтілеуов. Нызам. А. 1972.58-б.). Сиқы келмес күмістен сұлулап соққан мыс артық, Аруақтап туған ерлердің, Жалғыз да болса сұсы артық».

Екі мысалда да өлеңнің стилдік құрылыс негізі толық сақталып, жалпы күйінде қалған. Бірақ әр автор өзінше жырлап, өздерінің индивидуалдығын танытып тұр. Осыған ұқсас Сейдәлінің «Тәңірім не жаратты күннен артық» шығармасын қарап көрейік. Автор жырында өзінің индивидуалдығын өте айқын көрсетеді:

Тәңірім не жаратты күннен артық
Күнді көрдім қараңғы көрден артық
Дүниенің малын жинап алсаңдағы
Болмайды намысыңнан бәрі артық
Жағдай білмес жаман достан дұшпан артық
Өлген соң ер жігіттен тышқан артық

Бұндағы дәстүрлі түзіліс өлең шығарудағы әдіс төмендегі жоспар негізінде құрылған. Неден ненің артықтығы, қай заттан, қай пікірден ненің кемдігі салыстырылып берілген.

Өлең құрылысының түзілісінде «артық» сөзі ең басты орын тұтып тұр. Өлеңнің айтпақ ойын, ақынның дүние танымын, пікірін «артық» сөзі жеткерген және түрлендіріп көрсеткен. Бұндай заңдылық ақын ойларын анық баяндап, гаухардай жарқыратады.

Ақындар ән-жырларында «күн» сөзін көп қолданады. Осы «күн» сөзіне байланысты үш ақынның өлеңін мысалға келтіріп, әр ақынның «күн» сөзіне дәуір рухын қалай қарастырғанын бақылайық.

Орманбет би өлген күн
Он сан ноғай бүлген күн
Жер сабалап қалған күн
(Шалкиіз, Алд. 92-бет).

Ақын Шалкиіз жасаған дәуірінің бүлгіншілігін көрсеткен болса, осы Махамбет туындысында азаттық ойға азаматтық туралы ойды, азаматтық күрестің басшысы Исатайға байланыстырып, дәуірдің тұманды келбетін суреттейді. Көркемдіктің жоғары дәрежесіне жеткереді. Әдебиет әлеміне жаңа образ алып келеді. Ол эпостық жырдағы образды қайталамай, өмірде халық арасында жасаған шаруалар көтерілісінің басшысы тұлғасында суреттейді. Ақын шығармасында қызғынды суреттеу де бар.

Біздің ер Исатай өлген күн,
Он сай байтақ бүлген күн.
Көк күмбездей күркіреп,
Оқ жаңбырдай жауған күн...
Желбіреген ала ту,
Жалбырап ойға түскен күн..
Теріскейден дауыл тұрған күн
Садағы болат қылыштың
Сап жағынан сынған күн
(Махамбет, А.1974ж. 58-59бб.).

Өлең шумақтарын оқыған сайын орны толмас өкініш сазы еседі. Құлағыңнан қайғылы үннің әуені кетпейді. «Теріскейден дауыл тұрған күн», «Садағы болат қылыш сабынан сынды. Бұл қайсы күн. Бұл ел басшысынан айрылған күн. Ер Исатай өлген күн. Бүкіл шаруалар басшысынан айрылып ойраншылықта қалған күн. Осы күнді ақын

ақындық дәстүрді қолдана отырып, редифті ұйқасты бірнеше рет қайталау арқылы индивидуалдық күш-қуатын, өрт шалған көкірек шерін өлең шумақтарына төккен. Өлеңнің ырғағын, ұйқас үндестігіне «күн» сөзі қанша қайталанса, соншама үстеме күш-қуат береді, батырдан соңғы ерлерді де кек алуға шақырған ұрандай естіледі. Міне, ақындық дәстүр жеке ақындар туындысында осылай қалыптасып, өнер туындысында осылай көріні табады. Формулалық сөз қуаты өлеңнің синтаксистік құрылысын осылай жетілістіреді. Көркем өнердегі синонимдік түрлену, өзінен соңғы ақындар шығармашылығына әсерін тигізеді. Бұны С.Жұмабекұлының «Бұл кездескен қиын күн» өлең термесінен тағы көреміз. Өлең шумақтарында басқа уақыттың қолтаңбасы түсіп, онда Сейдәлі жасаған дәуір шындығы берілген.

Бұл кездескен қиын күн
Жалауменен кеткен күн
Ақылды жолдан адасып,
Жолды тұман басқан күн.
Халық қадірлеген батырды,
Байлар билеп басқан күн.
Кім мал жиған бай болса.
Залымға олжа салған күн.
Қазақ-қалпақ билері
Заң-законды көбейтің
Нызам менен толған күн.
Кімнің жақсы-жаманы
Әрашан мәлім болады.
Қаріп басына барған күн.

Формулалық тенденцияны көркем шығармасында пайдаланып, жеке сөздер тобын өлең шумақтарының соңында келтіріп, бұрынғы ақындық дәстүрді он бір буынды өлеңмен дамыту Ж.Базарбаевтың термесінде

сезіледі. Ақынның «Сәні болмас» термесінен мына қатарларды оқуға болады.

Мақпалдың жазық дала сәні болмас,
Ырғалған егін бидай дән болмаса
Таласқан бұлтқа тоғай сәні болмас
Мал жайлап, іші толған аң болмаса

Ақынның өнер дәстүрінде «сәні жоқ», «болмаса» сөздерін жыр шумақтарында бір-біріне қарама-қарсы қойып қолдану, айтпақ ойын қатар салыстырып беру, ойын жеткеруге қолданған әдісі дәстүрлі поэзияда бұрыннан бар еді. Осы дәстүрді Ж.Базарбаев «Сәні болмас» термесінде пайдаланған. Ол индивидуалдық поэзия өкілдерінің бірі Дулаттың:

Асқар таудың сәні жоқ.
Көк майса белі болмаса
Арна судың сәні жоқ,
Өрлеп қудай қонатын
Жағасы малға толатын
Аймақты елі болмаса (Дулат ҚАШ, 101-б.).

Терме үлгісін, он бір буынды кара өлең термесінде Ж.Базарбаевтың шығармашылықпен игеріп, өзіне тән индивидуалдығын көрсеткен. Демек халық ақындары шығармашылығындағы индивидуалдық дәстүр ерекшелігі ауызекі поэзияның дәстүрлі шеңбері ішінде көрінеді.

Жоғарыда келтірілген мысалдарда Қарақалпақстан аймағында өмір сүрген ақындардың ішінде, басқа ақындардың шығармашылығымен қай жағынан салыстырсақ та, С.Жұмабекұлының ауызекі индивидуалдық поэзиясында дәстүрлі формулалық стиль характері басым. Ақынның сөз қолдану, сөз саптауында, формулалық, лексикалық құрамында көп ұшырасады. Сейдәлі шығармасындағы өлеңнің ырғақтық, ұйқастық формулалық белгілері өткен дәстүрлілікке едәуір жақын. Ақын шығармашылығында ауызша индивидуалдық формулалық дәстүрдің көп

ұшырасуы, біздіңше, біріншіден, С.Жұмабекұлының ерте дәуірде жасағандығы, екіншіден төңкеріске дейінгі ауызекі поэзияда халықтың ауызекі поэзиясының әсер күшінің басымдылығынан, үшіншіден, ауызекі индивидуалдық поэзиядағы дәстүрлілік ауызекі индивидуалдық поэзияда шығармашылығын дамытқан төкпе ақындарға бұрынғы ақындар дәстүрінің тікелей өткендігінен, төртіншіден бұрынғы фольклорлық және жеке ауызекі поэзиясы дәуірінде өзінің өздігін айқын танытуы ақынның таланттылығынан деп біліміз, өзі өмір сүрген дәуіріне сай, дәуір рухын өлең, жыр арқылы реалистік бағытта жырлай алғандығынан деп қарауымыз керек.

Ауызша индивидуалдық поэзияда жырды тыңнан шығарудың ішкі даму заңдылығында және бұрын жырланған жырды шығармашылықпен қайта жырлау үстінде жырланылған, шығарылған шығармалар ішінде таныс қатарлар мен сөздер кездеседі. Ақын жаңа туындысын тоқтаусыз жырлап отырғанда бұрын ақындар шығарған жырлардан үлгі алып, тіпті жаңа қатарларынан пайдалана шығарып отырған жырын төкпе ақындар алға дамытып кетуге талпынады. Міне, осындайдың салдарынан таныс сөздер мен қанық қатарлар импровизатордың жыр қатарларына араласады. Халық жырларында, талантты жыраулар шығармаларында қалыптасқан ырғақ пен ұйқас: мазмұнды қатарлар мен шығармашылықпен игерілген импровизатор іркінішсіз шығарып кете береді. Қалаған тақырыпты толық иелеп жырлай алады. Пікірімізге дәлел үшін халық ақындары шығармасынан мысалдар келтірейік: С.Жұмабекұлының «Қара аттың жыры» эпикалық шығармасында «Қызылдың қыя шөлінде» жалғыз аттанған жолаушы:

Нелер жүрдім жол менен,

Асқар –асқар бел менен

Түтеп тұрған шөл менен-

дейді. Асты сызылған қатар «Қобыланды» жырында 109-бетте тұтас тұр. Сондай-ақ, Сейдәлінің осы жырында «Ерлер мінген қызылды, Іс тағдырға сызылды» деген қатарларды «Қобыланды батыр» жырында 82-беттегі «Мінген атым қызылды, Іс тағдырға сызылды» қатарларымен, салыстырайық. Поэзиялық қатарларда ұқсас көріністі суреттеу үшін, үндес көріністі көзге қайта-қайта елестету үшін қаттыланады. Мысалы, Сейдәлінің «Дария құрып кеуіп қалды» өлең шумағына қарайық:

Дария құрып кеуіп қалды,

Ерлер кетіп, ел қалды.

Дүние жанды от болып,

Шарпылмаған кім қалды?

Т.Аманжолұлы шығармасына тән қасиеттердің бірі фольклорлық өнер туындыларындағы дәстүрлі поэзиялық шумақтар ақынның эпикалық шығармаларында сәтті берілген. Ел батыры мен дұшпан батырларының жекпе-жек үстіндегі сөз жарысында батырларды сөйлеткенде: «Сондасөйледі, Сөйлегенде бұй деді» деген фольклорлық қалыптасқан формулалы даяр сөзді өзгеріссіз қолданса, кейде ел кегін, халық намысын қорғауға аттанған батыр жүрісін «Бірнеше күн жүріп, Аз ғана емес мол жүріп» деп береді. Ал осы шумақ «Қобыланды» жырының 72-бетінде де бар. Сондай-ақ, «Сол уақыттар болғанда, Күн сәскеге толғанда» тіркесі «Барақ батыр», «Асау-Барақ», «Асқар батыр» жырларында қайталанған. Соңғы екі шумақ фольклорлық эпикалық шығармалардың барлығында ұшырасады деп толық айта аламыз. Себебі батырдың жүректі және батылдығын, қажырлы қайраттылығын түн қатып жүріп, түсі қашқаны осы мезгілде көзге шалынады. Соғыс майданы, тартыс енді басталайын деп тұрған уақыт, табанды ердің соғыс майданынан табаны тайғанайтыны немесе таймайтынын «күн сәскеге келгенде» басталған. Мезгілдік соғыс басталар кез оны эпикалық жырда суреттеу формулалыққа өткен. Ақынға, жырауға күннің сәскеге келген уақытын басқаша жыралуға мүмкіндік

болмаған. Сондықтан осы қатарлар қай эпикалық жыр болса, сол жырдың өзінің сөзіндей атылған, сол жырларда сол күйінде тұрақты түрде сақталған. Тілеумағамбет эпикалық жырдың ішкі даму заңдылығын жақсы білгендіктен, келтірілген сөздерді таяр күйінде алуды жатсынбаған.

Поэзиялық өлең нұсқаларында «сөздің қызғын мағынасын күшейту үшін қолданылатын поэтикалық әдістің түрі поэтикалық қайталаулар Т.Аманжолұлы туындысында эпикалық шығармаларда баршылық.

Мен бір күні түс көрдім,

Түсімде ғажайып түс көрдім.

Эпикалық жырларда батырлардың халық жауына аттанып, жауға қарсы ұмтылғанын суреттеу үстінде бұрыннан қалыптасқан формулалық қатарлардың алғашқы күйінде, дәстүрлі қалпында жыр ішіне ендіріп жіберу, халық ұғымы шеңберінен шықпай тиісті орында қолдануда ұшырасып отырады. Мысалы, «Қабағы тастай түйілді», «Лашын құстай шүйілді» деп Барақ батыр жырында Барақтың ерлігін көрсетуде қолданса, осындай қатарларды «Қобыланды батыр» жырының 170-бетінде, «Қамбар батыр» жырында 275-бетте көрдік. Демек, индивидуалдық поэзияда жеке ақындар фольклорлық мұрада өз шығармашылығында жетілген дәстүрлі қатарларды қолдануға құқылы екенін импровизаторлық өнерінде жыр қатарларына алға жалғастырып шығарып кете беруіне бұрыннан қалыптасқан қатарлардың тірек болатынын көреміз. Жырлап отырған суреттеп жетілістіретін басты қаһармандарына халық ұғымына «метафоралы сөздерден» «Хатепті қара нар екен» деген формада қолданып, батырының нарлық қасиетін көрсету эпик төкпе ақынға жат емес.

Т. Қолбаев, Т. Байжанов, Ж. Базарбаев және соңғы уақытта жазба поэзия өркендеген дәуірдегі төкпе ақындар шығармасында да дәстүрлі қалыптасқан формула қатарлар сирек қолданылған. Бұл ақындар шығармашылығында жазба поэзияны әсерінен болуы мүмкін. Дегенмен

ақындар поэзиясында, авторлық поэзияда, индивидуалдық шығармада шығармашылық болды. Өнер туындысын жетілістіріп жырлау үстінде, ауызша шығару үстінде халық мұрасынан бөлектелмеді. Халық мұрасында тұрақталған, халық мұрасын жырлау үстінде қалыптасқан формулалық сөздер мен жыр қатарларын ғасырлар бойы жыршылар шығарды. Осы қалыпқа түскен сөздер мен жыр қатарларын индивидуалдық поэзияның импровизаторлық өкілдері қолданды. Бірақ фольклорлық мұрада, фольклорлық мұра шеңберінде қалыптасқан сөздер төңірегінде қалып қоймады. Фольклорлық мұрадан жеке шығарманың ерекшелігін белгілеу үшін тынымсыз ізденді. Дәуір рухын, заман жағдайын жырлай отырып оған өзінің көзқарасын сездірді. Лексикалық сөздер мен жыр қатарларынан ырғақтың, бөліктің, жырдағы ұйқастық мәселесін жоғарыда мысалдар келтіріп дәлелдедік. Төкпе ақындар ауызша әдебиеттен кәмелетке келіп, ер жетіп, ауыз әдебиетінің көркемдігін асырып, индивидуалдық шығармашылығын атымен, ал атымен индивидуалдық жырларын авторлығымен сақтау дәрежесіне көтерілді.

Сонымен, қазақ әдебиеті тарихының дамуында ақындар өздерінің тиісті орнын тапты. Тіпті әдебиет тарихын байытып, авторлығын сақтап қалмастан жеке поэзияны тудырды. Осы ақындық шеңберінде танылып, сол дәстүрлі алға алып кеткен тарлан таланттар жазба поэзиялық дәрежеге дейін өсіп жетісті. Оның мысалын Ж.Жабаев, Н.Бекежанов, И.Байзақовтардың шығармашылығынан толық сезуге болады. Осындай ақындардың ізденіспен өсуі, жазба әдебиеттің әсері арқылы жетіліскен ақындар шығармасын көп зерттеген ғалым Е.Исмайылов Жамбылдың ақындық өнері туралы айта келіп: «Жамбыл бұл жағынан халық әдебиеті өкілі сыпатында өзінің таланты шығармашылық өсуі арқасында ақынға тән ақындық өнер сезілсе, ол таң қаларлық нәрсе емес, оны табиғи заңды нәрсе деп қарауымыз керек» деген еді. Ақындар поэзиясын түпкілікті

талдаған, ақындардың сөз саптау, қолдану формулалық жүйесін ашқан сайын ғалым пікірінің дұрыстығын көреміз. Демек, ақындар шығармашылығының бір қыры фольклор мен жазба әдебиет аралығында, бір жағы жазба авторлық әдебиетті, екінші жағынан ауыз әдебиеті мұрасынан нәр алып, осы күнге дейін дамып келе жатырған ақындардың ақындық шығармашылығы болады.

а) Композициялық формулалар.

Ауызша индивидуалдық төкпе поэзияның таланты өкілдері әр түрлі жанрда шығармаларын пайда етеді. Импровизаторлықпен жыр кестесін тоқу уақытында бір-біріне ұқсамайтын, кейбір жағдайда ұқсастығы жақын, кейде поэзияда бұрыннан қалыптасып, поэзиялық қатарларда тұрақтанып, көптің көкірегіне құйылып қалған жыр шумақтары және түйдектерінің төкпелік кезінде тоқтамау үшін үздіксіз пайдаланады. Өйткені, төкпе ақын «ұйқасқа құл болып, өлшем табуда әлсіздік етіп, ойда талантсыздық етіп мүдіруді жақтырмайтын салт-дәстүрдің» адамы.

Себебі «бұрыннан ақындар поэзиясына енген дәстүрлікке сүйеніп, ақындық талантына, төкпелігіне ежелден қалыптасқан ақындар поэзиясындағы дәстүрден тірек тауып ән-жырды табан астында ауызша айтып жіберетін, суырып салма ақын, төкпе ақын: барды, жағдайды, айналаны, жұрттың ішкі дүниесін, сыртқа шығып болмаған ой-пікірді көз ілмес сәтте сезіп, шолып, айтып та үлгеретін, талант иесі» (55). Шығармаларын есінде сақтай жүріп, шабыттанғанда бұрынғы жыр дәрежесіне н асырып, құбылтып, жаңадан түрлендіріп жырлайды. Бұндай жағдай төкпе ақындардың шығармашылығында бұрыннан бар құбылыс. Импровизатор ақындар шығармасында қалыптасқан формулалық, жырды шығару үстінде жырдың композициялық құбылысымен тікелей байланысады. Бірақ төкпелік кезінде бұрыннан қалыпқа түскен

жырлардың үлгілерінен, композициялық құрылысынан шығармаларына толық енгізбейді. Жыр үлгілеріндегі қалыптасқан композициялық құрылысты шығармашылықпен иелеп шығармаларында импровизаторлық индивидуалдық ерекшелігін айқын көрсетеді. Болмаса автордың атымен халық арасына тарамай, халық шығармашылығы болып, халықтың фольклорлық мұрасына айналып кетер.

Ақындар поэзиясының композициялық формула ерекшелігінде кейде мынадай құбылысты да көруге болады: ақындар төкпелікпен жыр шығарған бір үлгідегі өлеңдерден, өлең қатарларынан пайдаланатын, өзі ұнатқан сөздер мен сөз тіркестерін жфр шумақтарынан орны келген жерде қолданылатынын жоғарыда айтып өттік. Сол пікірге қайтадан оралып, ақындар поэзиясында мына жағдайдың болатынын қосымша айтып өтеміз. Ақын формулалық қатарлар мен тұрақты сөз тіркестерінен шығармасын жетілістіріп шығаруында, сол тармақтар мен сөз тіркестерін қажетті орындарда қайталай беруі мүмкін. Бірақ қайталанған сол қатарларды, сөз тіркестерін жырды түрлендіруге, жырдың динамикалық ішкі дамуын күшейтуге, көркемділігін жетілістіруге, жырды дәстүрлік жағынан арттыруға пайдаланады.

Қолданылған шумақтарға тіркестен жаңа тың қатарларды және де қосып, белгілі бір көріністі талдап, жырды одан әрі түйінді ойды түсіндіруге ықшамдауға қолданады. Ол шумақтар мен түйдектер арқылы белгілі бір оқиғаны, негізін айқын сәулелендіреді. Ал негіз бен оқиғалар композицияның бөлшегі екені белгілі. Демек жыр композициясын талдау кезінде оқиғалар мен негіздерге тоқтамай, жырдағы оқиға мен негізгі себептерді ашпай эпикалық жырдың композициялық құрылысын формулалықпен ашу мүмкін еместігі сезіледі, әдебиет теориясын дұрыс талдауды талап етеді. Сондықтан оқиға мен себептерді жыр композициясының бір бөлшегі деп қарау мақұл көрінеді.

Эпикалық нұсқаны шығару және жырлау үстінде ақын немесе жыршы-жырау дәстүрлі композициядан толық пайдаланады. Эпостық, эпикалық жырларында сәйкес келетін баяндау және суреттеулер шығарма «тақырыбына» қарай қосарланып орналасатын сезе--- А.Лордтың формулалық теориясында мойындайтын бір жағы бар. Ол тақырыптың эпикалық, эпостық жырларда тұрақты келуін «ауызша халық шығармашылығында қайталау, әсіресе баяндау мен суреттеулерде көптеп ұшырасады» деп түсіндіреді.

Қарақалпақстандағы қазақ ақындары шығармашылығы арасында Т.Аманжолұлының поэзиялық шығармаларында формулалық шумақтар көбірек көзге тасталады. Ал Сейдәлі Жұмабекұлы поэзиясында формулалық шумақтар сирек. Басқа ақындарда формулалық шумақтар емес, лексикалық сөздер мен формулалық жыр шумақтары терме толғауларында ұшырасады. Формулалық шумақтардың оқиғаны баяндаулар мен суреттеулерде тұрақты кездесетіндігі, ең басты, эпикалық жанрға тән болғандығынан деуге болады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Т.Аманжолұлының шығармашылығына тән негізгі ерекшеліктің бірі эпикалық жанрдың, эпикалық туындыларының ақын туындыларында көптігі. Оның «Барак батыр», «Асау-Барак» қиссасы, «Табын Ермағамбет батырдың жыры», «Марқабай мен Өтешбай», «Асқар батыр» жырлары – эпикалық жанрда көп еңбек еткенін көрсетеді. Ақын жырындағы формулалық шумақ қазақ, қарақалпақ хиссасы, «Табын Ермағамбет батырдың жыры» жырларындағы батырлардың қарсылас батырмен ұшырасқанын суреттеуде көрінеді. Мысалы, «Барак батыр» жырында Барактың қалмақ дұшпан батырымен ұшырасқан жеріне назар аударайық:

Бір уақытта қалмағың,
Буырқанды, бұрқанды.
Мұздай темір құрсанды,

Атаңа нәлет ит қалмақ,
Көп оғыңа қол салды.
Қай оғының ішінен
Сұр жебе деген оқ алды.
Қорқытуға қалмағың
Алдында тұрған баланы.
Қақ жүректің басы деп.
Өлер жерің осы деп.
Толғап тартып қалады.
Үстіне киген сауыты
Не қып аман қалады?
Қайын ерен қырық пірі
Төңірегін қамады.
Батыр Барақ қараса,
Қасында көрді қожаны...

Мысалда белгілі «тақырып» көптеген дәстүрлі өлең тақырыптарынан жасалып тұрыпты, әсіресе осындай жыр қатарларын қазақ батырлық эпостарынан ұшыратуға болады. Жырды дамытып жырлауда, жырдың тартысын өрбіткенде келтірілген қатарлардың үлкен роль ойнайтыны сөзсіз.

Келтірілген «тақырыптық» мысалды үш компонентке бөліп қарауға болады. а) Жекпе-жек кезіндегі батырдың мінезінің көрінуі мен азаматтық келбетінің тыңдаушылардың көз алдына елестетілуі (буырқанды, бұрқанды, мұздай темір құрсанды); ә) Батырдың ер жүректігінің суреттелуі; б) Батырға сенімді пікірлерінің жәрдемдесуі күш-жігер береді, дұшпан оғын серпіп, батырға қалқан болуы көрсетілген. Бұндай компоненттерді ақын немесе жырау қысқа күйінде немесе кеңейтіп жырлауы мүмкін. Әр компонентке түрлі бояу беріп, көркемдігін

арттырып, батыр әрекетін және адам сезімін толқындандырып лиризм мен гиперболалық суреттеу жырлай береді.

Дегенмен, индивидуалдық автор шығармашылық қуаты мен халықтың сол жырға ықыласына байланысты ақын, жырау өнер туындысын қысқартып немесе созып жырлайды.

Қазақ батырлық жырларында батырдың ақиқат ашуланған сәттерін, келбетін, түр-түсін суреттеуге көп көңіл аударылған. Оның бір мысалын «Қобыланды батыр» жырынан көреміз. Қобыландының досы Сейілдің ұлы Қараман қасына 40 мың нөкер ертіп, Қазанға аттанады. Бірақ қорқақ Қараман аттанысқа әскерімен бірге аттана алмай Қобыландыға келеді. Достығын сылтауратып және ел шетіне жау тигенін айтып, бірге аттануын өтініш етеді. Осы сапарға аттану, аттанбауын Қобыланды үйдегі Құртқам біледі дейді. Құртқаға хабар жібереді. Құртқа осы сапарға аттанбауын сұрайды. Қобыланды Құртқа сөзін тыңдап, Қараманға сапарға бармайтынын білдіреді. Сонда Қараман «Әр талапқа» шығарда, Қатынға ақыл салған соң, Қатынның тілін алған соң, Неше бір батыр болса да, Басында билік жоқ адам, Арыстан туған құрдасым. Ол-қатын емей не?»-дейді. Сөзің сүйектен өтті деп ашуланған Қобыланды Құртқаға қаһарын төгіп, үйіне баратырған Қобыландыны көреміз:

Қатуланып, қаттанып,
Буырқанып, бұрқанып,
Мұздай темір құрсанды
Қабағынан қар жауып

Кірпігіне мұз қатып.. («Қобыланды» 86-бет, тағы осы жырдан 123-бет, «Алпамыс батыр» жырының 186-беті, «Ер Тарғын» жырынан 278-бет және т.б. эпостық жырларды көріңіз).

Батырлардың іс-әрекеті қаһармандық жырларда сәтті беріледі. «Ер Тарғын» жырында қарсылас батырған кезегін беріп тұрған Тарғынға Домбауыл: «Оқшантайға қол салды, Суырып алған қу жебе, көп оғына

жол салды, Тарлан аттың басы леп, Алтын ердің қасы деп, Қақ жүректің тұсы» деп, өлер жерің осы деп, Толғанып тұрған Тарғынды, Толғап атып салады» (Ер Тарғын 297-б.).

..Оқшантайға қол салды,

Бір салғанда мол салды,

Көп оғына жол салды,

Қалмақы ердің қасы деп,

Нақ кіндіктің басы деп,

Қыз айтқан жердің тұсы деп,

Өлер жерің осы деп,-

деп Қобыланды Көбіктіні атады. (Қобыланды, 148-б.).

Демек, ел намысы үшін күрескен батыр болсын немесе бейбіт елді басып алып, табанына таптау үшін келген зорлық етуші болсын- жекпе-жек қанды майданда қарсыласын құлату, атқан оғы мен қарсы алдындағы сұлату үшін бойындағы бар күшін, қайратын, жігерін, айласын пайдаланытын көреміз. Ақын не жырау қарсылас батырлар әрекетін суреттегенде бір-біріне ұқсас әрекеттерді көз алдымызға елестеткенде бұрыннан тыңдаушылар құлағына сіңіп қалған жыр шумақтарын пайдаланғандығын жоғарыдағы мысал көрсетеді. Міне, кейбір оқиғалар мен себептер тақырыбын игеріп жырлау уақытында ақын-жыраулар қалыптасқан формулалық шумақтардан пайдалану дегеніміз осы.

Батырларды қолдап сүйейтін, тарыққанда қолтығынан демейтін пірлер туралы тақырыпқа эпостық жырларда көп орын берілген (Қобыланды батыр жыры, 142, 148-бб, Алпамыс батыр, 221,229-бб.).

Тақырып- әңгіме ету мен баяндаудың ең жоғары дәрежесі. Ол тек топталған өлең-жырлардың тобы болып қалмастан, ақындық стильдік сөз құрылысын да белгілейді. Жинақталған идеяны сәулелендіріп, ақын пікірін білдіреді. Сондықтан «тақырып» жырда айтылмақ болған сюжеттік жағдайдың түрленуіне де тікелей бағынышты және байланысты

болады. Әрине, ол эпикалық жазылған нұсқаның соңғы мазмұнына ыңғайласып, түрін өзгертіп, құбылып отырады. Пікірімізге эпикалық соңғы нұсқасынан мысалдар келтірейік: Т.Аманжолұлының «Асау-Барақ» қиссасында:

Қатуланып, қатайды,
Қар жаудырып қабақтан.
Оқшантайға қол салып,
Қардай оғын боратқан.
Жығамын деп Барақты
Бір атқанда көп атқан.
Атқан оғын тигізбей,
Пірлері қағып жоғалтқан,- делінсе,
«Барақ батыр» жырында:
Қалмақ кезек алады,
Оққа қолын салады
Шымырқанып, доланып,
Қасындағы Барақты,
Қақ жүректің тұсы деп,
Өлер жерің осы деп
Толғап тартып қалады...
Ата қожа аймалап
Қарсы алдында тұрады... делінген.

Келтірілген мысалдардан өзге мысалдарды да бақылап көрейік. Т.Аманжол ұлының аты аталған екі жырында бейбіт елге, тыныш өмір сүріп жатырған жерге дұшпан, әскерлерінің басқыншылықпен басып кіруі, жер қайысқан көп әскердің келуі, ел шетіне жақындап қалғандығы суреттелген. Осы көрініс екі жырда эпостық жырлардағы басқыншылардың ел тонаушылығы сапары сияқты ескі эпостық туындыларда суреттелген дәстүр бойынша берілген. Бірақ бірінші кезекте

«Барақ батыр» жырында сюжеттік линияның даму тартысына құрылып, тартыстың қарқын алып суреттеу арқылы тақырып ашылады (Қараңыз: Аттанды қазақ белменен, Қазақты тауып қайтуға, Посқандағы өзінің, Салып кеткен жолмен, Жағалай тартып келеді, Ағынды арна суменен, Төтелеп шауып келеді, Асқар ала белменен, Жарқылдаған ақ сауыт, Асыл берен тон менен, Қазақтың елін шабуға, өзін жаулап алуға келе жатырғанын қазақ білмеді») Ал екінші жырда: «Асау-Барақ» қиссасында ақын тілі мен басқыншы жүрісі суреттелмей, кейіпкердің сөйлеген диалогы арқылы беріледі, сөйтіп кейіпкер сөзі ерекше маңызды болып, сюжеттік арқау қызметін атқарады. Сондықтан ақын қысса формада береді. Біріншісінде бұл 13 қатардан тұрса, бұнда не бары 6 қатар. Мысалы:

Арт жағыма қарасам,
Будақтаған шаң шықты
Шаң артына қарасам,
Бізді қуған жау шықты
Алдымыздан кеселеп,
Арнаменен көл шықты.

Тағы да салыстырайық: Қобыланды батыр 64-б., Алпамыс батыр 183-б.).

Т.Аманжолұлының эпикалық шығармаларындағы тақырыптың тұрақты келіп отыруы және кіші тақырып төңірегіне сол тақырыпты ашу үшін топталған жыр қатарлары белгілі бір мақсатқа, түйінді ойға бағындырылып, дәстүрлілікті сақтап, ақынның жеке ерекшелігін білдіреді. Жоғарыда талдауға алынған мысалдар ақынның эпикалық жырының дәстүрлік айрықша өзіне тән сипатын көрсетеді.

Төкпе ақынның жеке сипатын және жыр ішіндегі кіші тақырыптарының тұрақтылығын білдіретін бір неше мысалдар келтірейік. «Барақ батыр» жырында қасиетті, көпті көрген Түгел қарттың түсінде жау әскерінің жақындап қалғанын, халықтың тар қспаққа түсетінін

көреді. Онда: ауылдың аулақ шетіне, Күннің шығыс бетінен, бір айдахар келіп жүр, елге уын шашып жүр, Айдахардың ізінен, есепсіз жылан еріп жүр... Түсім шайтан болмаса, еліңді дұшпан қоршап жүр», - делінеді. Батырға мінездеме бергенінде ақын: «Түгел қарттың алдына, Барақ жетіп барады, Сәлем беріп еңкейіп, барып қолын алады» деп, Түгел қарттың перзентіндей жасы үлкенді сыйлаған Барақ батырдың жібек мінезін жасаған. Барақтың Алакөбек батырмен жекпе-жек шығып соғысты бастар алдындағы сөз сайысын былай береді. Алакөбек: «Сен не қылған баласың? Оттай лаулап жанасың, бір шыбындай жаныңды, неге отқа саласың, Атпай тұрып тұрып жөніңді айт, атсам өліп қаласың, ұрысуға менімен қалай шыдам бересің», десе, Барақ: « Атамның атын айтайын, Сатыапалды ұлымын, Анамның атын Қарқара, Барақ болып туылыптын, нағашым Серке батырды, қарсыласқан жауларды, Қонысынан көшірген, белгілі елдің сүйегі, ұлтым қазақ, табынды, төгейін деп келемін, Кәпір қалма қаныңды, Жіберуге келемін, Жаханнамға жаныңды, Осы бүгің қалмағым, Көрсетіп қал барыңды» - дейді. Сондай-ақ жалпы жауға руластарын, қауымдастарын, қаруластарын бірге аттануға бас батырдың ұран салып шақырту дәстүрін «Табын Ермағамбет батырдың қиссасы» жырында ақын былай суреттейді: «-Ау, жігіттер, жігіттер, жаудан қорқып қашпаңдар, Тауға қарай бұрылың, Енді жолды тастаңдар, Ауыздарың бір болсын, біріңіз қыя баспаңдар, Мыңлы жерді көздендер, Орталыққа түйені, Шөгіріп қана байлаңдар, Суды тасып алыңдар, Окопты тағы қазыңдар, бір жағымыз су болсын, қалың қамыс ну болсын, бір жағымыз тау болсын, Азамат ерлер сау болсын».

Келтірілген үлкен тақырып ішіндегі кіші тақырыптар сөзбе-сөз екінші рет қайталанбайды. Жыр шумақтары да түрленіп, дәстүрлі ізбе-ізділікпен жырланып отырады. Лексикалық сөз құрамын және жыр ұйқастары ой ағымымен өзгеріп, авторлық ойды белгілеуге бағдарланған. Жыр қатарларының түзілісі, саны жағынан жыр түйдектері бірде

қысқарып, бірде көп беріледі. Жаңа түсінікті беретін шумақтар да, сөздер де эпикалық шығармалармен жақындасып теңдеседі. Дегенмен индивидуал авторлық поэзияда композициялық формулада өзінің қорына ие болып, ескі дәуір шеңберінде жаңа өнер туындысын пайда еткен. Олай болса «халық поэзиясының таңдаулы үлгілерін шығарып айтушылар да, ауызша әдебиетін, жаңа шығармашылық дәстүрін сақтап дамытушылар да ақындар. Ақынсыз фольклор жоқ. Фольклорсыз ақын жоқ»- дейді Е.Ысмайылов.

Қорытынды

Халық ауызекі әдебиеті үлгісімен шығармаларын неше рет толғаған, оның дәстүрі мен өнерлі шығармашылығын жетілістірген қазақ ақындары Қарақалпақстанда көп. Осы құтты өлкеде ақындық, жыршылық өнер бүгінгі күні де дәстүрлі дамуын тоқтатқан емес. Ақын, жыршылар қатары көбейсе көбейді дағы, бірақ сирексіген жоқ, жаңа талант, жаңа күштермен толысып келеді. Сондықтан қазіргі қазақ фольклортанушыларының ерекше назар аударып отырған «эпикалық аудандарының» бірі- Қарақалпақстандағы қазақ ақындары мен ақын-жыршыларының өнер жолы, ақындық шығармашылығы күн санап дамып жатыр.

Ақындар поэзиясында фольклорлық және индивидуалдық дәстүр тақырыбына Қарақалпақстан аймағындағы қазақ ақындары шығармашылығы материалын өзек етіп алуымыз да тегін емес еді, өйткені оның ұтымды екі жағы бар. Біріншісі- осы төңіректе туылған, қарақалпақ, өзбек сияқты туысқан халықтармен қаны мен жаны бір- С.Жұмабекұлы, Т.Аманжол ұлы, Ж.Мамытұлы, Е. Құлпыбайұлы, Ж.Алиев, Қ.Қылышұлы, Н.Раманқұлов, Ж.Базарбаев, Ө.Сәрсенбаев, Т.Есенбаев, Ә. Қоңырбайұлы және т.б. жастық шағында, осы өлкеге ата-анасымен көшіп келіп, немесе жұмыс жағдайымен келіп орналасып, тұрақталып қалып қойып, ақындық аты да, жыршылық өнері де осы аймақта жетілісіп жергілікті халық арасына, ән-жырларымен танылған-Қ.Қалиұлы, Қ.Шоқаев, Қ.Иманғалиев, Т.Байжанов, Т.Көлбаев, Е.Жандайұлы, Ж.Аралбаев және тағы басқалар сияқты өнерлілердің шығармашылығы туралы айтып өттік. Ал бұрын баспасөз беттерінде Сейдәлі, Тілеумағамбет, Жақсылық Төлепов туралы ұшқары айтылған деректерді қайта қарап, сол материалдарды анықтауға тырыстық. Сөйтіп, Қарақалпақстан өлкесіндегі қазақ ақын, жыршыларының шығармаларына бірқанша талдаулар жазылды.

Екіншісі- Қарақалпақстандағы қазақ ақындары шығармашылығындағы фольклорлық және индивидуалдық дәстүрді ХҮ-

XX ғасырда жасаған, ақындардың өзінен соңғы қалдырған бай мұралары, сондай-ақ қарақалпақ халқының XIX-XX ғасырлардағы ақындарының шығармаларымен салыстырып және қазақ фольклорлық поэзиясы туындыларындағы дәстүрлік ерекшеліктерімен анықтап көрсетуді мақұл көрдік. Жұмыс осы бағытта жүргізілді. Жұмысқа Қарақалпақстанда бұрын өткен және қазір жасы егде тартқан қарт ақындар мен орта буынмен қазіргі жас таланттар шығармашылығы қамтылды және олардың шығармашылығындағы ішкі диалектикалық даму жалғастылығы талданды.

Жекелік пен жалпылық ауызша индивидуалдық пен фольклорлық поэзияда формулалықты пайда етеді. Себебі, «дыбыстан буын, буыннан бөлек, бөлектен қатар түзіліп, белгілі бір мөлшерде қатар толтырып, шумақ құрайтыны мәлім». Осы шумақтың мазмұнын былай қойып, өлшем, құрылыс жүйесін талдау тексерудің өзі қызық. Халық ақындары бұнда да таяр, әдеттегі жолмен жүре бермей, жаңалық іздеуге ұмтылған». Ақындар поэзиясы екі бағыттан зерттелді. Біріншісі- төменгі деңгей-дыбыс, буын, бунақ, қатар, шумақ, түйдек, екіншісі-жоғарғы деңгей-сюжеттік-композициялық структурасы. Сондай-ақ ақындар шығармашылығындағы поэзиялық туындыны шығаруы мен дамыту екі негізде болады. Біріншісі- стилистикалық, екіншісі- сюжеттік-композициялық құрылыс жүйесі. Осы негіздер арқылы ақындар поэзиясының фольклорлық поэзиядан айырмашылығы, ақындар поэзиясының жекелігі, келбеті айқындалды. Ауызекі индивидуалдық поэзияның формулалық спецификасын анықтауда отандық және шет ел фольклортанушыларының, қазақ фольклортанушылары мен қарақалпақ, өзбек фольклортанушы ғалымдары пікірлеріне сүйенілді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абылқасымов Б. Жанр толғау в казахской устной поэзии. А. 1984, 120стр.
2. Айымбетов Қ. Қарақалпақ фольклоры. Нөкіс. 1977
3. Айымбетов Қ. Халық даналығы. Н. 1988,.
- 4.Әуезов М. Эпосты жырлаушылар. Шығармалар. 1989, 11т.
- 5.Әуезов М.О. Шығармалар 12томдық. А. 1989 2том.
- 6.Бес ғасыр жырлайды.А. 1984 1т.
7. Бердібаев Р. Қазақ эпосы.А. 1982.
- 8.Бердібаев Р. Жыршылық дәстүр. А. 1980
- 9.Веселовский А. Собр. Соч. М. 1913. Т. 1.
- 10.Горький М. О литературе. 1981.
- 11.Габдуллин М. Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. А. 1992
- 12.Габдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. А. 1994
- 13.Дауқараев Н. Шығармаларының толық жыйнағы.Нөкіс. 1987. 2-т.
14. Дүйсенов М.Т. Сейдаханов К.Негимов С. Халық ақындарының творчествосының көркемдік сыпаты. А. 1982
15. Жирмунский В.М. Зарипов Х.Т. Узбекский народный героический эпос. М.1987
16. Н.Жүнісов Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері.А. 1984
17. Жұмажанов Қ. Халық шайырлары поэзиясында фольклорлық һәм даралық дәстүр. Нөкіс.Білім. 2002.
18. Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті. Алматы. Арыс. 2006ж.
19. Ибраев Ш. Художественно-изобразительные средства «Китаби дедем Коркут». 1980.

20. Исмайылов Е. Ақындар А. 1986
21. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1т. 2-кітап, А. 1964, 380-381бб. Айтыс 2 т. А. 1985, 636-б.
22. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. А. 1988
23. Қазақ фольклорының типологиясы: А., 1981
24. Қарақалпақ халқының қаһарманлық эпосы. Н. 1993.
25. Мақсетов Қ. Каракалпакский эпос. К вопросу о художественных особенностях дастанов в репертуаре К. Тажибаева Т. 1996
26. Мирзаев Т. Эпический репертуар народных сказителей. Т. 1989.
27. Мұқанов С. Дара ақындар. Танд. шығармалар. А. 1989
28. Мақсетов Қ. Қарақалпақ қаһарманлық дәстанларының поэтикасы. Т. 1995
29. Мағауаин М. Қобыз сарыны. А. 1988ж.
30. Марғұлан Ә.Х. О носителях древней поэтической культуры казахского народа. В кн.: М.О.Ауезову, К еге шестидесятилетию. А. 1969
31. Сыдықов Т. Ғасырлардың кәусар бұлағы. А., 1980
32. Сейдеханов Қазақтың Ұлы Отан соғысы кезіндегі поэзиясы. А. 1994ж.
33. Шалекенов У. Казахи низовьев Амударьи. Ташкент 1986, 240с.
34. Төрекұлов Н. Қазақ совет поэзиясының жанрлық ерекшеліктері. А. 1989.
35. Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байыры өкілдері. А. 1986.
36. Чичеров В.И. Литература и устное поэтическое творчество. 1983.
37. Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. А. 1983.
38. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. А. 1974

Мазмұны:

Кіріспе.....	4	
Негізгі бөлім		
I бөлім. Халық ақындары поэзиясында жамиғаттық және индивидуалдықтың байланысы.....	10	
а) Жамиғаттық пен индивидуалдықтың кейбір мәселелері.....	10	
ә) Ауыз екі индивидуал поэзияның формулалық негіздері.....	17	
II бөлім. Халық ақындары поэзиясының стилистикалық құрылысы және композициялық формулалары.....		26
а) Композициялық формулалар.....	47	
Қорытынды.....	57	